

ҚАЗАҚСТАН АҚПАРАТ

1
KZ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

e-mail: akparat-kz@mail.ru

№7-8(500)

19 ақпан

жұма

2016 жыл

Индекс: 64161

БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕСТЕРДІҢ ЖЕМІСІ АЙҚЫН

Қызылорда облысының әкімі Қ.Е.КӨШЕРБАЕВТЫҢ халық алдындағы есепті кездесуде сөйлеген сөзі

Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев халық алдындағы есепті кездесуін өткізді. Кездесуде аймақ басшысы өткен жылы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларын және алда атқарылар міндеттерді саралады. Жиынға қала тұрғындары, ардагерлер, қарапайым еңбеккерлер, жастар қатысты. Сонымен бірге, онлайн режимі арқылы барлық ауданның жұртшылығы кездесудің куәсі болып қана қоймай, көкейінде жүрген сауалдарын қоюға мүмкіндік алды. Облыс әкімінің есебіне ҚР Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов, Энергетика министрінің орынбасары Бақытжан Жақсалиев, ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Нұрлан Тілешов қатысты. Ерекше атап өтерлігі, өңір басшысының есепті кездесуі кезінде көпшілік телекөпір арқылы Арал ауданындағы «Аралтұз» кәсіпорнының жаңа цехы мен Сырдария ауданындағы «Шаған-Жер» серіктестігінің мал бордақылау алаңының іске қосылуын тамашалады. Шиеді ауданының табиғи газға қосылған тұрғындары да тікелей байланысқа шықты. Сондай-ақ, телекөпір барысында «Шалқия» тау-кен байыту комбинатының құрылысы жөнінде баяндалды.

Құрметті жерлестер, әріптестер!

Азат еліміз тағы бір жылды тарихқа тарту етіп, ата-бабамыздың асыл арманы – тәу етер Тәуелсіздігіміздің ширек ғасыр белесіне шықты.

Ұлы даланың қасиетті пұшпағы,

Алаштың анасы атанған – Сыр бойы да елімен бірге сын сәтте сыр бермей алға басып келеді.

«Адамның өскені әрбір өткен жылымен, өлкенің өскені халықтың сынымен бағаланады» деген көне нақыл бар.

Осы қисын қаласына қарап қоғамның ырысын бағамдайтын, ауылына қарап әлеуметтің тынысын анықтайтын бүгінгі заманға да сай келеді.

Сондықтан да жыл сайын жұрт болып бүгінгідей мәжіліс құру, халыққа есеп беру – біз үшін Елбасы белгілеген тәртіптің қалпына да, ел дәстүрінің салтына да сай, айнымас дағдыға айналды.

2015 жылдың бізге ғана емес, бүкіл әлемге оңай жыл болмағаны баршаңызға аян. Барлық экономикалар үшін негізгі қуат көзі болып табылатын мұнай бағасының төмендеуі әлі де жалғасып келеді. Көптеген мамандар бұл өзгерістің уақытша құбылыс емес, әлемдік энергетикадағы ұзақмерзімді, түбегейлі екендігін айтады. Мұнайдың орнын баса алатын балама қуат көздері тез дамып, мұнайға деген сұраныс күрт төмендеді. Сөйте тұра, әлемдік нарықтағы мұнай ұсынысы артты.

Өңір экономикасындағы мұнай саласының үлесі жоғары болғандықтан, біздің де бірқатар маңызды макроэкономикалық көрсеткіштеріміз едәуір төмендеді.

Атап айтсақ, өнеркәсіп өндірісіндегі нақты көлем индексі 90,2 пайызға (ИФО), инвестициялардың нақты көлем индексі 88,1 пайызға (ИФО), құрылыс жұмыстарының нақты көлемі 89,7 пайызға (ИФО) қысқарды.

Мұның сыртында, облыс аумағындағы мұнай шығатын кен орындары сарқылып, бұрынғы қуатынан айырылуда. Соның салдарынан 2015 жылы облыстағы мұнай өндіру көлемі шамамен 1 миллион тоннаға кеміді. Биыл тағы 1,6 миллион тоннаға кемиді деген болжам бар.

Бұл тек Қызылорда облысы ғана емес,

Қазақстанның мұнай өндіретін басқа да аймақтарына тән құбылыс. Жалпы алғанда, 2015-2016 жылдары Қазақстанда өндірілетін мұнай 4 миллион тоннаға кемиді. Оның 2,6 миллион тоннасы Қызылорда облысына тиесілі.

Облыс экономикасы үшін ең маңызды саладағы бұл жағдайға біз бейжай қарай алмаймыз. Сондықтан, бір жағынан мұнай өндірушілерді жан-жақты қолдау шараларын, екінші жағынан жаңа кен орындарын барлау және жаңа технологияларды енгізу арқылы мұнай өндірісін ұлғайту шаралары қолға алынды.

Атап айтсақ, біздің ұсыныс бойынша «Петро-Қазақстан» кәсіпорны үшін пайдалы қазба өндірісіне салынатын салық мөлшері 7 пайыздан 0,35 пайызға дейін, ал «Торғай-Петролеум» үшін 7 пайыздан 0,1 пайызға дейін азайтылды. Қазақстан бойынша осындай жеңілдік 5 кәсіпорынға жасалды, соның 2-і біздікі.

Барлық мұнай өндіруші кәсіпорындарға салынатын экспорттық пошлина 60 пайыздан 40 пайызға дейін төмендетілді.

Облыс әкімінің 2015 жылға арналған іс-қимыл жоспары әлемдік экономикадағы дағдарыс салдарынан туған қиындықтарды ескере отырып, облыстағы барлық мемлекеттік органдар ерекше назарда ұстауы тиіс басым міндеттерді анықтады. Олар: әлеуметтік даму мен әлеуметтік міндеттемелердің дер кезінде және толықтай орындалуын қамтамасыз ету, экономиканы әртарапандыру мен инфрақұрылымды дамыту және қоғамдық қауіпсіздік еді.

>>2

АНА МЕН БАЛА ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖАНЫНАН ТАҒЫ БІР ЖАҒАЛЫҚ ҚОСЫЛДЫ

Мұндай орталық республикада бірінші болып Қызылорда облысында іске қосылып отыр. Қажетте құрал-жабдықтармен қамтылған 30 төсектік оңалту орталығын іске қосу үшін облыстық бюджеттен 38 млн. теңге жұмсалған. Дәрігерлер осындай бөлімшенің ашылуы жаңа босанған аналардың денсаулығын ұдайы бақылап, олар, а тиісті медициналық көмек көрсету үшін, әсіресе ана мен бала денсаулығын жақсартуда септігі мол дейді.

–Денсаулығы нашар, ауыр халдегі және босанғаннан кейін де медициналық көмекке зәру аналарды үйіне жібермей осы бөлімшеде емдейміз. Сонымен қатар, орталықта жас аналар мектебі жұмыс істейді. Баланы күту, отбасын жоспарлау сияқты мәселелерде мамандар кеңес беріп отырады. Алдағы уақытта облыстың барлық аудандарында осындай оңалту орталықтарын

ашу жоспарлануда, – дейді облыстық перинаталдық орталықтың бас дәрігері Ләйлә Құлтаева.

Перинаталдық орталықта қазір 273 әйел ем алууда. Ана мен бала денсаулығын жақсарту мақсатында орталыққа облыс әкімдігі тарапынан ұдайы қолдау көрсетіліп келеді. Тек қана 2015 жылдың өзінде 91 млн. теңгеге медициналық құрал-жабдықтар алынған. Сонымен қатар, жүкті әйелдер үшін арнайы тіс емдеу бөлімшесі де іске қосылған.

Ана мен бала орталығының тағы бір жетістігі жақында медициналық-генетикалық бөлімше ашылды. Енді дәрігерлер соңғы үлгідегі құрал-жабдықтардың көмегі арқылы ерте мерзімінде, яғни нәресте туылмай тұрып оның денсаулығын тексере алады. Демек, дені сау ұрпақты дүниеге алып келуі үшін жүкті әйелдерге дер кезінде бағыт-бағдар беріп отырады.

Медициналық тілмен айтқанда жүкті әйелдерді генетикалық скринингтік тексеруден өткізуге мүмкіндік алды. Бұл орталықта Израиль мемлекетіне барып, біліктілігін арттырып келген мамандар жұмыс істейді.

Жаңа технологиялардың арқасында қазір дәрігерлердің де жұмысы біршама жеңілдеген. Қазір облыстық ана мен бала орталығында аймақтың барлық елді мекендеріндегі жүкті әйелдердің жағдайына қатысты мониторинг жүргізіп отыруға мүмкіндік туды. Орталықтан-дырылған бұл жүйе арқылы денсаулығында ақауы бар немесе жүктілік кезеңі ауыр өтіп жатқан әйелдер үнемі мамандардың бақылауында болады деген сөз.

Бүгін орталықтың жұмысымен танысу үшін арнайы барған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қандай жағдай болмасын ана мен бала денсаулығы үшін барлық қолдау

көрсетілетіндігін айтты.

–Кез-келген уақытта ана мен баланың денсаулығын жақсарту үшін, оларға жағдай жасау мақсатында біз барлық қолдауды көрсетуге дайынбыз. Денсаулық сақтау саласына қажет, әсіресе

ана мен балаға керек көмек көрсетіледі, тиісті қаражат та бөлінеді. Бірақ қолдауға сай дәрігерлердің жұмысының да нәтижесі болуы тиіс, – деді облыс әкімі Қырымбек Көшербаев.

С.ШАХАНОВА



БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕСТЕРДІҢ ЖЕМІСІ АЙҚЫН

Қызылорда облысының әкімі Қ.Е.КӨШЕРБАЕВТЫҢ халық алдындағы есепті кездесуде сөйлеген сөзі

1<

Аталған міндеттер мен барлық бағыттағы жұмыстарды қоса санағанда, 2015 жылғы іс-қимыл жоспарына 151 шара кірген. Оның 90 пайызы толық орындалды. Қалған ұзақмерзімді шаралардың орындалуы 2016 жылға арналған іс-қимыл жоспарында өз жалғасын тапты.

Қалыптасқан жағдайға орай, 2015 және 2016 жылдарға арналған жоспарымызды дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспары деуге болады. Былтыр да, биыл да біздің ең басты мақсатымыз — жұмыс орындарының қысқаруына жол бермей, жаңа жұмыс орындарын ашуға жағдай жасау.

Өткен жылы облыс жалпы құны 84,5 млрд теңгенің өнімін шығарды, өңдеу секторындағы инвестиция көлемі 3,4 есеге артты. Бір сөзбен айтқанда, бұл аймақ экономикасындағы құрылымдық өзгерістердің айқын дәлелі.

Соның арқасында индустрияландырудың бірінші бес-жылдығында (2010-2014 жылдар) іске қосылған 17 өндірістің 14-і 2015 жылы өнім бере бастады.

Индустрияландырудың екінші бесжылдығы аясында (2015-2019 жылдар) жалпы құны 467 млрд теңге құрайтын, 6 мыңдай адамға жұмыс беретін 41 жобаны іске асыру жоспарланған. Соның ішінде 2015 жылы жалпы құны 2,3 млрд теңге болатын 5 жоба іске асты.

«Жан Арай» серіктестігі мен «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы бірлесі отырып (мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде) облыс орталығында ірі агрокешен салып, іске қосты. Оған 6 млрд теңге қаржы салынды. Кешен аумағында малдың барлық түрін қажетті жеммен қамтамасыз ететін Қызылорда облысындағы алғаш құрама жем комбинаты құрылды.

Ал енді өзімізде өндірілген жемнің бағасы арзан болғандықтан бұл мәселе шешілді, мал шаруашылығындағы өнімділікті арттыруға мүмкіндік туды.

Сонымен бірге, аталған агрокешен аумағында қазіргі халықаралық талаптарға сай күріш өңдеу зауыты іске қосылды (қуаты 150 тонна). Жақын арада ұн тарту комбинаты, макарон және консервілер шығаратын цехтар да іске қосылады.

Сондай-ақ, іске асқан жобалар қатарынан Қызылорда қаласындағы РМЗ «Шапағат» үй құрылысы комбинатын атауға болады.

Аймақтағы құрылыстың жоғары қарқыны мен саланың өсу мүмкіндіктерін ескерсек — бұл кәсіпорынның келешегінен үміт көп.

Жобаның құны — 1,5 миллиард теңге. Комбинат бірінші кезеңде жылына 80 мың текше метр темір-бетон бұйымдары немесе 35 мың шаршы метр панельді тұрғын үй шығара алады. Жаңа өндіріс 68 адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, өткен жылы «Казэнерго-сбережение» серіктестігінің инновациялық сипатқа ие «LED жарықтандыру құралдарын шығару» жобасы іске асты. Құны 100 млн. теңгеге таяу кәсіпорын электр қуатын 3 есе үнемдеуге мүмкіндік беретін, әрі қызмет мерзімі ұзақ шамдар шығарады. Өндірісте 30 адам жұмыс істейді. «Жасыл экономика» қағидалары кең тараған сайын бұл өндірістің маңызы артып, өніміне деген сұраныс өсе бермек.

Сонымен бірге, Қызылорда қаласы және Арал ауданында жалпы қуаты 45 миллион дана кірпіш шығаратын екі жаңа кірпіш зауыты ашылды. Мұнда да 100-ге тарта адам жұмысқа орналасты.

Биылғы жылдың басында Қызылорда қаласында «Газ Трейд» кәсіпорыны «Газ құю бекетінің құрылысын» аяқтады. Құны

380 млн теңге тұратын бұл кәсіпорында 27 адам жұмыс істейді.

Республикалық Индустрияландыру картасы шеңберінде «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі», «Қазақстанның Инвестициялық қоры» және американдық «StewartEngineers» компаниясы бірлесіп, «Қызылорда қаласындағы шыны зауытының құрылысын» жалғастыруда.

Биылғы жылдың жазында зауыттың техникалық қондырғылары әкеліне бастайды, ал келесі 2017 жылы өндірісті іске қосу жоспарланған.

Зауыт жыл сайын 197 мың тонна шыны табакшаларын немесе тәулігіне 600 тонна дайын өнім шығаратын болады. Қажетті шикізаттың 95 пайызы — кварц құмы, доломит, әк тасы облыста өндіріледі. Өнімнің 70 пайыздайы ішкі нарыққа, қалғаны экспортқа арналады.

Арал қаласында «Аралтұз» акционерлік қоғамының бастамасымен кальцийлендірілген сода шығаратын зауыт құрылысы жобасының техника-экономикалық негіздемесі дайындалды. Бұл шыны өндірісіне қажетті тағы бір маңызды компонент. Бұйыртыса, аудан үшін де, облыс үшін де маңызы зор тағы бір ірі кәсіпорын бой көтереді.

Жалпы, «Аралтұз» акционерлік қоғамындағы өндірісті кеңейту жобалары кезең-кезеңмен жалғасып, бүгін осы кәсіпорында тағы бір жаңа цех қосылып жатыр.

Ал енді, Аралды сақтау жобасына келер болсақ, Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен «Сырдария өзенінің



арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау», қысқартылған атауы — САРАТС жобасының екінші кезеңі «2014-2020 жылдары Қазақстанның су ресурстарын басқарудың мемлекеттік бағдарламасына» енгізілді. Жобаның алғашқы бөлігінің құны — 23,2 млрд теңге.

Оның 85 пайызын Дүниежүзілік банк арқылы, қалған 15 пайызын республикалық бюджет есебінен қаржыландыру туралы Үкіметтің оң шешімі бар.

Қазір бұл жоба Арал теңізі маңындағы көрші елдермен талқылануда. Өкінішке орай, Өзбекстан жағы өз мүддесін қорғап, жобаға келісім бермей отыр. Көршілерден келісім болмаған жағдайда да, біз жобаны өз бетімізше іске асыра аламыз. Сондықтан САРАТС жобасы бойынша табанды түрде алға жылжымыз!

Реті келген соң су шаруашылығы және оның төңірегіндегі экология мәселелері туралы айта кетейін. Облыстағы елді мекендердің экологиялық жағдайын жақсарту және суармалы сумен қамтамасыз ету үшін 8 каналды тазалау жұмыстары жүргізілді (Қазалы ауданы Аранды ауылдық округіндегі «Карлан» каналы; Қармақшы ауданы Жосалы кентіндегі «Сарыөзек» көлінің жағасын бекіту; Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылдық округіндегі «Р-7» каналы, Таң ауылдық округіндегі «Бастау» каналы,

Мырзабай ахун ауылдық округіндегі «Майжарма» каналына жағалай дренаж орнату; Сырдария ауданы Қоғалыкөл ауылдық округіндегі «Жанарық» және Жетікөл ауылдық округіндегі «Хозцентр» каналы; Жаңақорған ауданы Сунақ ата ауылдық округіндегі «Ескі екпінді» каналы). Сорғыштың 2 комплектісі алынды (Қазалы ауданындағы Құмжиек ауылы және Қызылорда қаласындағы «Жібек жолы» каналы). Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде 8 елді мекенді суармалы сумен қамтамасыз ету мәселесі шешілді.

Жаңақорған ауданындағы «Қыраш» және «Көлтоған» су қоймасы жөнделді.

Су тапшылығын болдырмау мақсатында Жаңа-Шиелі магистральдық каналының су бөгетінде құны 1,5 млрд теңге тұратын үрлемелі су тежеуіші салынды.

Нәтижесінде Жаңақорған-Шиелі алабындағы 30 мың гектар жерді су тапшы кезде де сумен іркіліссіз қамтуға мүмкіндік туды.

Экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында жалпы көлемі 11 мың гектарға тарта жерге сексеуіл мен декоративті ағаш көшеттері отырғызылды. Арал теңізінің табанындағы құмды бекіту мақсатында және егістікті тұздан қорғау үшін 5 мың гектар аумаққа сексеуіл егілді.

Арал, Қазалы, Жалағаш және Шиелі аудандары мен Қызылорда қаласында құрылған индустриалық аймақтарға инженерлік инфрақұрылым тартылып, инвестициялық жобаларды іске асыруға

қолайлы жағдай жасалды.

Соның нәтижесінде 2015 жылы аталған аймақтарда жалпы құны 2 жарым миллиард теңгеден асатын 16 жоба іске асты.

Сырдария және Жаңақорған аудандарында индустриялық аймақты құрудың жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, тиісті жер телімдері бөлінді.

Туристік инфрақұрылымды, оның ішінде Қармақшы ауданы Төретам кентінде индустриалды-туристік аймақты дайындау жұмыстары басталды.

Өткен жылы өңірлік инвестициялық орталық барлық аудандарда белсенді жұмыс істеп, жалпы құны 342,1 млн теңгені құрайтын 56 жобаны қаржыландырды, жанадан 223 жұмыс орны ашылды.

Бұл негізінен шағын, 3-5 адам жұмыс істейтін наубайхана мен кондитерлік цехтар, техникалық қызмет көрсету бекеттері мен тігін шеберханасы секілді қарапайым бастамалар. Бірақ өздері шағын болғанымен, тап осы орта келешек қазақстандық қоғамның буыны, экономиканың негізгі тірегіне айналады. Сондықтан мемлекет бұл жұмысты жалғастырады, ал қоғам оны жан-жақты қолдап, насихаттау арқылы жаңа, жас кәсіпкерлердің көптеп пайда болуына көмектесуі қажет.

Жоғарыда аталған шаралардың нәтижесінде өткен жылы аймақта тіркелген кәсіпкерлер саны 7,8 пайызға артты.

2016 жылы біз кәсіпкерлікті қолдауды еселеп арттырамыз. Бұл жұмысқа әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы мен Өңірлік кәсіпкерлер палатасын тарту арқылы биылғы жылдан бастап «Микробизнес-Қызылорда» пилоттық жобасына кірістік. Ол үшін 600 миллион теңге қаржы қарастырылған, оның 300 миллион теңгесін «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы салады.

Жалпы алғанда, биыл біз шағын бизнесті қаржылай қолдауды өткен жылмен салыстырғанда 4 есеге арттыруды жоспарладық. 2016 жылы барлық қаржы көздерін қоса есептегенде, шағын бизнес пен кәсіпкерлік бастаманы қолдауға 3,2 миллиард теңге қаржы бөлінеді.

Жаңа өндіріс орындарын ашу, кәсіпкерлікті қолдау, халықты әлеуметтік қамсыздандыру шараларының арқасында 2015 жылы жалпы саны 12 мың жаңа жұмыс орны, оның ішінде 9 мың 835 тұрақты жұмыс орны құрылды.

Жаппай қысқартудың алдын алу және жаңа жұмыс орындарын құру шараларының нәтижесінде облыстағы жұмыссыздық деңгейін 4,9 пайыздан асырмадық, жұмыссыздық 2014 жылмен салыстырғанда 0,1 пайызға төмендеді. Ал жастар арасындағы жұмыссыздық алдыңғы жылмен салыстырғанда 1 пайызға азайып, 4,1 пайызды құрады.

Әр жұмысшының отбасы мүшелерін ескерсек, құрылған жұмыс орындары тағы 50 мың адамға тіршілік көзі мен ертеңге деген сенім сыйлады. Бұл — жасалған жұмыстың нақты да, ең қымбат жемісі. Сондықтан осы шаруаға атсалысқан барлық әріптестерге ризашылық білдіремін.

Алайда, тұрғындар үшін тарифтер өте қатты өскен жоқ (мысалы, жылу бойынша небәрі 9 пайыз, бизнес үшін 15 пайыз). Негізгі салмақ бюджеттік ұйымдарға түсті (олар үшін баға 4 есе ұлғайды).

Ауыл шаруашылығына келер болсақ, 2015 жылы аграрлық саланың барлық бағытында өсім байқалды. Агрокешендегі жалпы өнім көлемі 62,8 млрд теңгені құрап, 2014 жылмен салыстырғанда 4,2 пайызға артты.

Мал шаруашылығындағы өнімділік 102,2 пайыз, өсімдік шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 105,7 пайыз құрады.

2016 жылдың 1 қаңтарына облыста 256 мың бас мүйізді ірі қара, 570 мың қой мен ешкі, 88 мың жылқы, 36 мың түйе бар. Сиыр саны — 7,2 пайызға, қой — 5,9 пайызға, жылқы — 2,7 пайызға, түйе саны 4,2 пайызға өскен.

«Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламалары бойынша 140-қа тарта шаруашылық 1 миллиард теңгеден аса несие алып, оған 10 мыңнан аса мал сатып алынды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласында да бірталай алға жылжу бар. Жоғарыда аталған «Жан Арай Жем» агрокешенінен бөлек, Қызылорда қаласында тәулігіне қуаты жарты тонна шұжық шығаратын цех, Жалағаш ауданында тәулігіне 150 тонна күріш өңдейтін зауыт, Шиелі ауданында күніне 1 тонна сүт өнімдерін өңдейтін цех іске қосылды.

Аймақтағы агроөнеркәсіп кешенін дамытуға шетелдік инвесторлар да қызығушылық танытуда. Мәселен, Қазақстан мен Қытай үкіметі арасындағы келісімнің негізінде Жаңақорған ауданына Қытайдан томат пастасын өндіретін зауыт көшіру және салу мәселесі шешімін тапты. Осы келісімнің негізінде 4 мың гектар жерде тамшылатып суару арқылы томат өсіру жобасы жүзеге асатын болды.

>>>>4

Тәуелсіздігімізді алғаннан бері республика судьяларының 6 рет съезі өтіп, онда алда атқарылуға тиіс ауқымды шаралар белгіленген болатын. Сондай-ақ, сот жүйесі материалдық-техникалық жағынан оң өзгерістерді өткерді. Жаңадан сот ғимараттары салынса, көпшілігіне күрделі жөндеулер жүргізіліп, компьютерлер мен заманауи техникалық құралдармен жабдықталды.

айтылды.

Қазақстан Республикасы Судьяларының VI съезінде сот жүйесінің дамығанын көру, ондағы мәселелерге сын көзбен қарап, дер кезінде шешу мәселесін мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев: «біріншіден, Қазақстандағы сот өндірісі әзірге негізсіз ұзақ және формальды сипатқа ие. Екіншіден, соттардың мамандануын дамыту бөлігінде біз әлі жолдың басында тұрмыз.

орындалып келеді. Мәселен VI съездің игілікті қорытындысы деп 2014 жылы республикалық бюджетте судьялар санын 450 адамға ұлғайтуды қарастыруға тапсырма берілді. Бұл 25 пайыздық өсім, сондай-ақ қосымша 450 персонал және 60 сот приставы. Нәтижесінде судьялар корпусының құрамы және сот аппараттары 960 адамға ұлғайды. Бұл Қазақстанның сот жүйесіне оң ықпал ете білді және



мемлекет» Ұлт Жоспарының 19 қадамын іс жүзінде жүзеге асыру. Аталған шешім судьялардың кәсіби және моральдық бейнесіне деген қоғам талабының артуына, сондай-ақ Судьялар әдебінің жаңа кодексін қабылдау қажеттігіне байланысты қабылданды.

Қазіргі қолданыстағы Судья әдебінің кодексі 2009 жылдың 18-інші қарашасында Қазақстан Республикасы судьяларының V съезінде қабылданды.

VII СЪЕЗД - СУДЬЯЛАР ӘДЕБІНІҢ ЖАҢА КОДЕКСІН ҚАБЫЛДАНУЫМЕН ЕРЕКШЕЛЕНБЕК

Судьялардың съезі - сот жүйесінің дамуы мен өзекті мәселелердің шешімін табуына, әр аймақтан келген судьялардың ой-пікір алмасуына, сот жүйесінің жетіспеушіліктерінің толықтырылып, қамтамасыз етілуіне ықпалын тигізеді.

Соңғы 2013 жылдың 20 қарашасында өткен Қазақстан Республикасы Судьяларының VI съезінде сот саласының соңғы 4 жылда атқарған жұмыстарының нәтижесі басты назарда болды. Съезде сот жүйесін әрі қарай ілгерілету, орын алған кемшіліктерді көрсетіп, судьялар жұмысына жаңа серпін беру, құқықтық жүйені белсенді қалыптастыру мақсаты баса

Үшіншіден, судьяларға түсетін жүктеменің өсуі мәселесін шешу маңызды. Төртіншіден, қазақстандық сот жүйесі әлі де болса соттар қателігі, зандылық пен судья этикасын бұзу фактілерімен беттесуде». Сонымен қатар, Елбасы «Медиация туралы заңнаманың жетілмегендігі біздің еліміздегі даулы жағдайларды реттейтін соттық емес институттардың дамуын тежеп отыр», - деп Медиация туралы отандық заңнаманы халықаралық стандарттармен сәйкестендіру керектігін басып айтты.

Қазақстан Республикасы Судьяларының әр съезінде қабылданған шешімдері

соттардың жүгін жеңілдетуге септігін тигізді.

Қазақстан Республикасының Судьялар Одағы 2016 жылдың маусымында Судьялар Одағының кезектен тыс VII съезін шақыру туралы қаулы қабылдады. Съезд Астана қаласында өтеді деп жоспарлануда.

Жоспарланған кезектен тыс съезге байланысты облыс сотының мәжіліс залында Қазақстан Республикасы судьялар Одағының аймағымыздағы филиалының ұйымдастыруымен конференция өтті. Конференцияда съезге баратын делегаттар сайланды.

Қазақстан Республикасы VII съезіне облыстық соттың

төрағасы Н.М.Қайырбеков, Қазақстан Республикасы судьялар Одағының Қызылорда филиалының төрағасы А.Дауренбеков, қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы төрағасы Б.Қарабаев, Қармақшы аудандық сотының судьясы К.Қаниева, мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Р.Шамшиев, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы А.Сабыров, отставкадағы судья Б.Сариев делегат ретінде қатысатын болды.

Аталмыш съезд бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі «100 нақты қадам - баршаға арналған қазіргі заманғы

Биыл маусым айында республика судьяларының кезектен тыс VII съезінің басты мәселесі Судьялар әдебінің жаңа кодексін қабылдау. Бұл съезд республикамыздағы судьяларға жаңа міндеттер қойып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етеді. Жалпы, Судья әдебінің кодексін қабылдау, сондай-ақ, Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасы судьялары съезінің ерекше күзіреті болып табылады.

Артур НАРИМОВ,
облыстық соттың судьясы,
баспасөз қызметін
үйлестіруші

КЕЗЕҢ КЕЗЕҢІМЕН ІСКЕ АСҚАН ЖОБАЛАР

Халықаралық Ислам қаржы ұйымдары және Азия даму банкімен инфрақұрылымдық, индустриялық, ауыл шаруашылығы, сондай-ақ тұрғын үй жобаларын іске асыру төңірегінде келіссөздер жүргізілуде.

Атап айтқанда, Азия даму банкімен Қызылорда қаласының сол жағалауын дамытуға қажетті инженерлік инфрақұрылым, тұрғын үй және әлеуметтік-тұрмыстық нысандарды салу жобаларын кезең-кезеңмен іске асыру мүмкіндіктері қарастырылуда.

Азия даму банкі бұл жобаны «ақылды» қаланы («SMART CITY») дамытуға бағытталған инфрақұрылымдық кешенді бағдарлама ретінде іске асыру туралы ұсыныс енгізді.

«Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы» акционерлік қоғамы Қызылорда облысын мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамытудағы пилоттық өңір ретінде белгіледі. Соның аясында «Мемлекеттік-



жекеменшік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығымен» бірлесіп 5 жобаға инвесторлар тарту жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, ауысымына 500 адам қабылдайтын емхана, Қызылорда қаласында салынатын кәсіптік-техникалық лицей, облыс орталығы әуежайының жолаушылар терминалының құрылысы, апаттық жағдайдағы мектептердің орнына 11 мектеп салу, сонымен бірге Сырдария ауданының тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамту жобалары.

ЗАҢ БҰЗҒАН ЖАУАПТЫЛАР

Шиелі аудандық прокуратурасы Қызылорда облысының Әділет департаментінің аудандық аумақтық бөлімінде ҚР «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі» туралы және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі» туралы Заң талаптарының сақталуына тексеру жүргізіп, нәтижесінде заңдылықты бұзушылықтарды анықтады.

Атап айтқанда, ҚР «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі» туралы Заңының (бұдан әрі - Заң) 37-бабының 4-тармағында сот орындаушысы заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетін атқарушылық құжат өзіне келіп түскеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, атқарушылық іс жүргізуді қозғайды, бұл туралы қаулы шығарады.

Шиелі аудандық соты құқық бұзушы Е.О. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434-бабының 1-бөлігімен кінәлі танылып, оған 19 820 теңге айыппұл салу туралы қаулы Бөлімге жолданады. Алайда, бөлімнің аға сот орындаушысы С.А.-мен 3 айдан астам атқарушылық іс жүргізу туралы қаулы қабылданбаған.

Сонымен қатар, Қызылорда қаласының мамандандырылған әкімшілік соты құқық бұзушы Б.Ә-ге ҚР ӘҚБтК-нің 434-бабының 1-бөлігімен кінәлі танылып, оған 19 820 теңге әкімшілік айыппұл салу туралы қаулысы Бөлімге 07.09.2015 жылы орындау үшін жолданғанымен, Бөліммен кіріске алынбау салдарынан, атқарушылық іс жүргізу туралы қаулы қабылданбай, мемлекетке әкімшілік айыппұл өндірілмегені анықталды.

Сондай-ақ, осы Заңға сәйкес, мерзімді өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды қоспағанда, сондай-ақ заңнамалық актілермен орындаудың өзгеше мерзімдері белгіленгеннен басқа жағдайларда, атқарушылық құжаттар бойынша сот орындаушыларының орындауы атқарушылық іс жүргізу қозғалған күннен бастап екі айдан аспайтындай мерзімде аяқталуға тиіс.

Алайда, сотталушы Н.Р.-нан ҚР ҚК-нің 346-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 79280 теңге айыппұл салынып, орындау үшін атқару парағы Бөлімге орындауға түскен.

17.07.2015 жылы атқарушылық құжат қозғалғанымен, борышкердің атында жылжитын немесе жылжымайтын мүліктерінің бар-жоқтығы, жұмыс істейтіндігі, салық басқармасына кәсіпкер ретінде тіркелкендігі жөнінде тиісті уәкілетті органдарға сұрау салынбай, атқарушылық құжаттың орындалу мерзімі бұзылып, нақты іс-шаралар қабылданбаған.

Сонымен қатар, қылмыстық істер бойынша негізгі жаза ретінде тағайындалған айыппұл сомасынан өткен жылдан қалдықта қалған Бөлімнің өндірісінде болған Р.Т.-дан барлығы 342 020 224 теңге үкім бойынша айыппұл өндіру жөніндегі

атқару құжатын тексеруде аға сот орындаушысы С.А. «Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы» статистикалық мәліметтерді қалыптастыруда аталған соманы дұрыс енгізбеген.

Атап айтқанда, аталған 333 827 945 теңгесі қылмыстық іс бойынша мемлекетке келтірілген залалды, 3 338 279 теңге мемлекеттік бажды, тек 4 854 000 теңге үкім бойынша жаза ретінде тағайындалған айыппұл құрайтындығы анықталды.

11.03.2015 жылы Шиелі аудандық прокуратурасымен арыз беруші З.Шогаеваның алимент өндіру туралы арызы Бөлімге негізінен қарау үшін жолданғанымен, 8 айдан астам мерзімде Бөліммен арызы иесіне мүлдем жауап берілмегені анықталды.

Осы тектес аудандық прокуратурамен жолданған бірқатар арызданушының арыздарына Бөліммен мүлдем жауап берілмеген.

Сонымен қатар, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі» туралы Заңға сәйкес, өтініштерге берілетін жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мазмұны бойынша негізделген және дәлелді, мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде болуға, арыз берушінің қабылданған шешімге шағым жасау құқықтарын түсіндіре отырып, оның дәлелін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты деректерді қамтуға тиіс.

Алайда, Бөлімнің аға сот орындаушысы С.А. арыз иесі В.Зимняяның жазған арызына берген жауабында арыз берушіге қабылданған шешімге шағым жасау жөнінде құқықтарын түсіндірмей, заң талаптарын бұзғандығы анықталды.

Мұндай кемшіліктер, бірнеше азаматтың жазған арыздарына берген жауаптарында орын алған.

Осы Заңның 17-бабында жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 12-бабының 1-тармағының 10-тармағына сәйкес, мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдардың немесе соларға теңестірілген адамдардың жеке және заңды тұлғалардың арыз-өтініштерін қараудың және өз құзыретіне кіретін өзге де мәселелерді шешудің заңда белгіленген тәртібін әлденеше рет бұзу сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылық болып табылады.

Жоғарыда орын алған заңдылықты бұзушылықтар бойынша аудандық прокуратурамен Қызылорда облысының әділет Департаментіне ұсыныс енгізіліп, қаралу қорытындысымен Шиелі ауданының аумақтық бөлімінің аға сот орындаушысы С.А. Департамент бастығының «Қызметке сәйкес еместігі туралы ескерту» түріндегі сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәртіптік жазасы қолданылды.

Баспасөз хатшысы.

БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕСТЕРДІҢ ЖЕМІСІ АЙҚЫН

Қызылорда облысының әкімі Қ.Е.КӨШЕРБАЕВТЫҢ халық алдындағы есепті кездесуде сөйлеген сөзі

2<<

2015 жылы «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодәлізінің қызылордалық бөлігінің (812 км) құрылысы толықтай аяқталды. Жол бойындағы 33 нысанда сервистік инфрақұрылым кешендерін құру жұмысы басталды.

Облыстық және аудандық маңызы бар автокөлік жолдарын қайта құру, күрделі, орта және ағымдағы жөндеу, елді мекендердің көшелерін салу, көпірлерді қайта құру, оларды күрделі жөндеу, сондай-ақ жобалық-сметалық құжаттамаларды әзірлеуге 6,3 млрд теңге қаражат бөлінді.

Әсіресе тіректі елді мекендердің жалпы ұзындығы 122 шақырым көшелері мен жолдары жөнделді.

Облыстық маңызы бар жолдардағы 4 көпірге күрделі жөндеу жүргізілді. Қазалы ауданы Жанқожа батыр және Жалағаш ауданы Ақжарма елді мекендерінің көшелеріне де күрделі жөндеу жүргізілді. Қызылорда қаласындағы С.Торайғыров көшесі жөнделді. Жобаны іске асыруға облыстық бюджеттен 1 миллиард 143 млн теңге бөлінді.

Еуропалық қайта құру және даму банкінің несиесімен қалалық автобустар алу және жаңа коммуналдық автобус паркін салу жобалары жүріп жатыр.

Экономиканың дамуы мен облыс халқын электр қуатымен қамтамасыз етуге ауқымды жұмыстар атқарылды.

«Қызылорда қаласы Ақсуат ауылдық округіндегі Ж.Махамбетов елді мекенін электрмен қамту» жобасы аяқталды. Нәтижесінде Ж.Махамбетов елді мекенінің 5 мыңға тарта тұрғыны сапалы және үздіксіз электр қуатымен қамтылды.

Қуат жеткізу сапасын арттыру мақсатында 35 шақырым жаңа электр желісі тартылып, 7 шағын станция орнатылды.

Аймақ дамуы үшін өте маңызды біздің Үкімет алдында көтеріп жүрген мәселеміз оң шешімін тапты. Сөйтіп, Қызылорда қаласында қуаты 450 мегаваттық бу-газ электрстансасын салу туралы шешім қабылданды.

Жылумен қамтуға келер болсақ, 2014-2015 жылғы жылу маусымы қалыпты жағдайда өтті.

«Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша Қызылорда қаласының жылу жүйелерін жанартуға Ұлттық қордан 3 млрд теңге бөлінді. Бұл жұмыстардың шеңберінде 11,2 шақырым магистральдық және көшеаралық жылу жүйелері мен 2 сорғыш станция қайта құрылды. Нәтижесінде жылу трассасының тозу дәрежесі 55 пайыздан 48 пайызға дейін төмендеді.

Жергілікті бюджет есебінен Тасбөгет кентіндегі 700 метр жылу жүйесі қайта құрылды.

Қызылорда қаласындағы қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйінің жылу жүйесі жанартылды. Газбен жұмыс істейтін жаңа қазандық орнатылды.

«Қызылорда жылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны «Оңтүстік қазандық» филиалының үш қазандығы жанартылды. Бұл «Южный», «Шұғыла» шағын аудандары мен Тасбөгет кентіндегі көпқабатты секторды жылумен қамтуды тұрақтандырды.

Облыс халқын ауыз сумен қамту саласында да ауыз толтырып айтарлық жұмыс істелді. 2015 жылдың қорытындысы бойынша облыстағы 261 елді мекеннің 194, яғни 74 пайызы орталықтандырылған су жүйесіне қосылды. Осылайша облыс халқының 95 пайызы таза ауыз сумен қамтылды.

Су ресурстары комитетімен бірлесіп Жаңақорған ауданындағы «Талап» және «Сырдария» топтық сұтартқышы, Шиелі ауданындағы «Жиделі» топтық сұтартқышының құрылысы, елді мекендерді жерасты суына көшіру жобалары жалғасын тапты. Нәтижесінде, 2015 жылы «Жиделі» топтық сұтартқышына Шиелі ауданының Алғабас және Бидайкөл

ауылдары қосылды.

Бұл жұмыстар аяқталған кезде «Талап-Сырдария» топтық сұтартқышына Жаңақорған ауданының 28 елді мекені қосылады.

Қызылорда облысы әкімдігі мен «ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамы арасындағы Меморандум аясында 2015 жылы облыстағы 7 аудан орталығының 4-інде – Арал қаласы, Әйтеке би, Шиелі және Жаңақорған кенттерінде газ тарту жұмыстары аяқталды.

Бұл – облыс экономикасына қосымша қуат беріп, 130 мың халықтың күнделікті өмірін түбегейлі түрде өзгерткен үлкен жаңалық болды.

Бұйырса, 2016 жылы қалған үш аудан орталығын – Жосалы, Жалағаш және Теренөзекті, сондай-ақ, Қызылорда қаласының газға қосылмаған тұрғын үйлерін және қала маңындағы елді мекендерді газдандыру жоспарланған. Қазір оған қажетті ұйымдастыру жұмыстары жүріп жатыр. Кезең-кезеңімен басқа да елді мекендерге газ жеткізуге арналған жұмыстар жалғасады.

Облыс елді мекендерін газдандыру жобасы жаңа жұмыс орындарын, орта арнаулы оқу орындарында осы салаға қажетті бірқатар жаңа мамандықтардың ашылуына мүмкіндік берді. Жоғарыда айтқанымдай, 2015 жылы жалпы саны 12 мыңнан аса жұмыс орны құрылды.

Қызылорда қаласын дамыту шеңберінде, Бас даму жоспарына сәйкес, Қызылорда қаласының сол жақ жағалауын дамыту мәселесі пысықталуда. 2013-2014 жылдары облыс орталығының сол жағалауы аумағында инженерлік-геологиялық және гидрогеологиялық зерттеулер жүргізілді. Сол жағалауды тыңғылықты жоспарлау жұмысы жүргізілді.

Сол жағалауды игеру жоспарын ескере отырып, Қызылорда қаласының шекарасы нақтыланды. Нәтижесінде, қаланың аумағы 2 есеге ұлғайды. Өздеріңізге белгілі, қаладан сол жақ жағалауға салынып жатқан 385 метр көпір құрылысының құрылыс-монтаж жұмыстарының 80%-ы орындалды.

2015 жылы сол жағалауды электр, жылу, газ, сумен қамту, көріз жүйесін құру және жағалауды нығайту жұмыстарының техникалық-экономикалық негіздемесін дайындау аяқталды.

Сонғы үш жылда Қызылорда облысында 8901 пәтер салынып, тапсырылды. Бұл – жылдар бойы жеке баспана күткен, асыл армандарына жетіп, қоныс тойын тойлаған отбасының саны.

Біз осы қарқынды биыл да сақтап қалу үшін «Қазақстан ипотекалық компаниясы», «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» және «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкімен» қоян-қолтық жұмыс істейміз. Бұйырса, биыл да былтырғыдан кем емес көлемде құрылыс жүреді. Нақтырақ айтсақ, Мемлекет басшының тапсырмасына сәйкес, 2016 жылы тұрғын үй құрылысына қосымша 360 млрд теңге бөлініп, нәтижесінде алдағы екі жылда республикада 29 400 жаңа пәтер пайдалануға берілуі тиіс.

Аталған тапсырма аясында Қызылорда облысында жалпы саны 3000 пәтер болатын 60 көпқабатты тұрғын үй салынуы жоспарлаған. Аталған құрылыс жұмыстарының басым бөлігі облыс әкімдігінің шешімімен облыс орталығында жүрді.

Қалыптасқан жағдайда біз бюджетті жасақтау және оны орындау барысына да қырағылықпен қарауымыз қажет. Біз барлық деңгейдегі бюджеттік мекемелерден әрбір тиынды үнемді жаратуды, тиімді пайдалануды қатаң талап етеміз.

Бюджеттік саясаттың негізгі қағидаттары былтыр да, биыл да өзгермеді. Сөзсіз және бұлжытпай орындалуы тиіс бірінші басымдық – азаматтар алдындағы әлеуметтік міндеттемелер.

Сондықтан дағдарыс кезеңінің қиын-шылықтарына қарамастан, әлеуметтік міндеттемелерді қаржыландыру толық көлемде атқарылып келеді. Соңғы 2 жылда Қызылорда облысы адам басына шаққандағы әлеуметтік салаға жұмсалатын шығыстар көлемі бойынша бірінші орында.

Бюджет әлеуметтік сипатын сақтап қалды. Шығыстардың жалпы көлемінің 62 пайызы немесе 113 млрд теңгесі әлеуметтік салаға бағытталды.

Әлеуметтік саланың дамуына келер болсақ, соңғы үш жылда білім беру саласына 188 миллиард теңге қаржы бөлінді. Жүйелі жүргізілген жұмыстың нәтижесінде бұл саладағы бірқатар маңызды мәселелер тиімді шешімін тапты.

Қазір облыс аумағындағы 299 мектепте 137 мың бала білім алуда. 2015 жылы Байқоныр қаласының қазақ тілді 5 мектебі

Атап айтсақ, “Нұрлы Жол” бағдарламасы аясында тұрғын үй құрылысын кеңейтуге, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға Ұлттық қордан 554 миллиард теңге бөлу туралы шешім қабылданды. Сонымен бірге, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жинақталған қаражат есебінен экономика салаларына 1 триллион 450 миллиард теңге қосымша қаржы бөлінді. 2016 жылы Үкімет деңгейінде жүзеге асырылатын дағдарысқа қарсы шараларға жалпы көлемі 2 триллион теңгеге жуық қаражат қарастырылған.

2015 жылы өткен қоғамдық-саяси шаралардың шымалдығын Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы ашты, жыл бойы Ұлы Жеңістің 70 жылдығын, Ата Заңымыздың 20 жылдығын, Қазақ хандығының 550



мен 1 балабақшасын Ресейден Қазақстанның қарамағына қайтарды. Ол мектептерге қажетті құрал-жабдықтар алынып, ұстаздарын жан-жақты қолдау шаралары жасалды.

Соңғы жылдары біз апатты мектептер мәселесін шешуге мықтап кірістік. 2013 жылы 36 апатты мектеп болса, екі жылда соның 25-ін жаңадан салып шықтық.

Жоғарыда айтылғандай, бұйырса, қалған 11 апатты жағдайдағы мектептердің құрылысын ағымдағы жылы мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде шешу жоспарланған.

Денсаулық сақтау саласындағы басты талап – медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету. Бұл салаға үш жылда 92 миллиард теңге қаржы бөлінді. Қазір бір тұрғынға шаққандағы шығыстар көлемі бойынша облысымыз Астана қаласынан кейінгі 2-ші орында.

Өткен жылы жалпы өлім-жітімді 14,7 пайызға, сәби өлімін 5 пайызға, жалпы аурушандықты 5,6 пайызға, ал туберкулезден болатын өлім санын 21 пайызға төмендетуге қол жетті.

Спорт саласында да жағымды жаңалық аз емес. 2015 жылы Қазалы ауданындағы Әйтеке би, Жаңақорған ауданы Жаңақорған кентінде спорттық-сауықтыру кешендері мен Сырдария ауданындағы Нағи Илиясов елді мекеніндегі стадион пайдалануға берілді.

Спортшыларды дайындау мақсатында 227 оқу-спорттық жиын өткізіліп, оған 2 мың 417 спортшы қатысты. Облыстың 2 мың 468 спортшысы 278 халықаралық және республикалық жарыстарға қатысты.

Республика чемпионаттарында облыс спортшылары 165 алтын, 138 күміс және 221 қола медаль иеленсе, Азия және Әлем чемпионаттарында 23 алтын, 11 күміс, 19 қола медаль тақты.

Экономикадағы қазіргі ахуал жағдайды күнделікті мұқият бақылап, тиісінше шұғыл әрекет етуді талап етеді. Күні кеше Елбасы республика Үкіметінің кеңейтілген отырысына қатысып, экономиканы қолдаудың кең көлемді, қосымша, нақты шараларын анықтап берді.

жылдығын және басқа да мерейлі шараларды бүкіл Қазақстан болып атап өттік.

Сыр елі бұл шаралардың қай-қайсысына да Алаштың анасы атанған аймақтың мәртебесіне сай үн қосты.

“Қорқыт ата” кешенін абаттандыру жалғасты, оны Қазақстан мен алыс-жақын сыртқа таныстырып, насихаттау жұмыстары жүрді. Бір жылда кешенге 10 мыңға тарта адам келіп зиярат етті.

Алаштың, күллі түркі әлемінің қайраткері Мұстафа Шоқайдың, халық қыршысы Нартай Бекежановтың 125 жылдығына орай республика және аймақ деңгейінде өткен шаралар ұйымдастырылды.

Жылдың соңында облыс орталығында “Достық үйін” аштық. Сәні мен салтанаты келіскен үйіміз Сыр еліндегі ынтымақ пен бірліктің, жасампаз еңбектің, жарасымды тірліктің ордасы болсын деп тілек тіледік.

Биыл біз ең қымбат қазынамыз, тәу етер – Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын атап өтеміз.

Осы ширек ғасыр ішінде біз жаңа бір мемлекеттің пайда болып, оның тұғыры берік, осы заманғы мемлекет деген түсінікке сай Елге айналуына куә болдық. Куә болып қана қоймай, егемендіктің орнауына, тәуелсіздік тұғырының катаюына барымызды салып атсалыстық.

Осы жылдарда әрқайсысымыз бірлік пен қоғамдық келісім, мамыражай өмір, бейбітшілік пен тәуелсіздік ұғымдарының өзара ажырамайтын тамырлас түсінік екендігіне көз жеткіздік.

Сан ұлтқа сая болған Сыр елі де достық пен берекелі бірліктің арқасында талай белестен өтті. Қай іске де жұмыла кірісетін халқымыз тек ынтымағы мол елдің ырысқа кенелетінін дәлелдеп келеді. Соның арқасында бірлесіп жеткен табыстарымыз толағай.

Бірлікке бекем болып, өз мүддемізден Елдік мұратты биік қоя білсек, көп болып көрер үлкен жеңісіміз, топ болып алар мол табысымыз әлі алда.

Осы мақсаттағы ортақ еңбегіміз нәтижелі болғай!

(қысқартылып алынған)

ЖҰМА БЕТІ

Дінімізде аншылықтың орны қандай? Аллаһу тағала адамдар үшін әртүрлі жануарлар жаратқан. Бөдене, қоян, балық сияқты жануарлардың етін, сусар, борсық, түлкі сияқты аңдардың терісін, киіктердің терісін медицина және парфюмерия саласында қолдану, бөкендердің жұпар иісін, су асты жәндіктерінің інжу-маржанын, пілдің тісін пайдалану үшін аулау, қасқыр, доңыз, жылан, тышқан сияқты аңдардың зиянынан құтылу үшін қинамай (мысалы отқа жакпай, суға батырмай) өлтіру жайз болып табылады.

Аллаһу тағаланың халал еткен аншылығын шарифатқа қайшы сияқты етіп көрсету кате болып табылады.

Жабайы аңдарды аулау мұбах табыс жолы болса да, сауда, шаруашылық, қолөнер сияқты табыс табудың басқа жолдары абзалырақ болып табылады. Тек көңіл көтеру үшін аншылық жасау жақсы емес. Бұл көңілге қысым береді, аңдарға деген аяушылық, мейрімділік сезімдерін жоқ қылады.

Бірақ, аншылықты, анды союды харам немесе шарифатқа қайшы тірлік деп айту жайз емес. Қасапшы да малды сояды. Қасапшының істегенін арсыздық, ұждансыздық деп айтуға болмайды әрине. Анды аулағанда,

Анды жей алу үшін мына нәрселерге мән беру керек:

1) Аң — кекілік, қоян сияқты етін жеуге болатын жануар болуы керек.

2) Аңшы мұсылман немесе әһли кітап болуы керек, аңға мылтық атарда немесе үйретілген жануарды жіберерде «Бисмилләһ» айту керек. Бисмилләһ айтуды ұмытса зияны жоқ. Әдейі айтпаса ол аңның еті желінбейді. Кітапсыз кәпірлердің, мүртәдтердің (діннен шыққандар) сойған, аулаған аңдарын жеу харам болып табылады.

3) Аң алған жарақатынан өлуі керек. Қолға өлмей түссе, бисмилләһ айтылып сойылуы керек болады.

4) Аңшы аңға дереу жүгіріп

тісті (клық) жыртқыш жануарлар және ауын (корегін) тырнағымен аулайтын құстарды жеуге болмайды.

7) Аң, аулаған адамдікі болып саналады. Бір аңшы бір аңды атып құлатқаннан кейін, ол аң тұрып қашқан кезде, басқа бір аңшы келіп ұстап алса, ол аң ұстаған аңшынікі болады.

8) Құрлықта және суда өмір сүретін тасбақамен мидия және моллюскілер сияқты теңіз жәндіктері желінбейді.

9) Балық пішімдес болмаған теңіз жануарлары желінбейді. Суда өзі өліп, іші жоғарыға қаратылып қалған балық желінбейді. Аумен, дәрімен, дірілмен (тоққа түсіріп), мұз арасында қысылып өлген

желінбейтін жабайы анды қандай да бір мақсатпен өлтіру жайз ба? Мысалы, сусарды терісін алу үшін, киікті етін алу үшін аулау жайз ба?

Аңдардың ешқайсысын жәбірлеу, қинау, суға тұншықтырып немесе отқа жағып өлтіру жайз емес. Аңға, жануарға жәбір көрсетудің күнәсі мұсылман болмаған отандасқа жәбір көрсеткеннен ауыр. Мұсылман емес отандасқа жәбір көрсетудің күнәсі мұсылманға жәбір көрсеткеннен ауыр.

Анды мақсатсыз өлтіру жайз емес. Ахиретте «Оны неге өлтірдің?» деген сұраққа тартылады. Аңдарды, жануарларды бір-бірімен төбелестіру де жайз емес. Жануарлардың

АҢШЫЛЫҚТЫҢ ДІНІМІЗДЕГІ ОРНЫ

Аңшылыққа шыққанда ешкімге зиян тигізбеу керек. Өкінішке орай заманымызда: «Сауық үшін балық аулауды және аншылыққа шығуды мұсылмандар үшін қош көрмеймін. Өздеріне бұдан да қарапайым және шарифатқа қайшы келмейтін ермек тауып алсын» деп жазатын дүмшелер шығуда. Сауда үшін болмаса да, балықты тек жеу үшін аулау харам да, мәкрух те емес, яғни жайз болып табылады. Тіпті, балық жеуге ешқандай мұқтаждығы болмаса да, тек өзінің стрессін жазу үшін ғана аулап, ұстаған балықтарын мұқтаж жандарға беру де жайз болады.

Аллаһу тағала Құран кәрімде балық аулауды халал еткен. «Сендерге теңіз аншылығы және оны жеу халал қылынды» деп бұйырылған (Майдә 96).

сойғанда оны қинап, жәбір көрсетілмесе, дініміздің білдірген шектеулеріне мән беріліп жатқан болса ешқандай мәселе жоқ.

Мылтықпен, тұзақпен аншылық жасауға болатыны сияқты, үйретілген таз-итпен, сұңқар, қаршыға, бүркіт сияқты құстармен де аң аулауға болады. Үйретілмеген жануармен аң аулауға болмайды. Яғни, аң аулайтын жануар анды өзі үшін емес, иесі үшін аулауы тиіс. Жануардың үйретілгенінің белгісі — қатарынан үш рет аулаған анын жемей, иесіне алып келуінен байқалады. Қаршыға, бүркіт сияқты тепкілі құстардың үйретілгенінің белгісі — көзін ашып жібергеннен кейін, шақырылған кезде қайтып келуінен білінеді. Ит аулаған аңын өзі жеп қойса, бүркіт шақырылған кезде келмесе мұндай жануарлардың аулаған аны желінбейді.

баруы керек. Жараланған анды дереу бауыздап алуы керек. Аңшы жетемін дегенше аң өліп қалса ештеңе етпейді, яғни етін жей беруге болады. Аң қайтып кетіп, көзден ғайып болғаннан кейін басқа ұзақ бір жерде өліп жатқан жерінен табылса, еті желінбейді. Өйткені, басқа себеппен өлген болуы мүмкін. Мысалы, биік жерден құлап немесе талға соғысып өлуі мүмкін. Алғашқы алған жарасы терен болып, қансырап өлген болса желінеді.

5) Жараланған анды басқа біреудің үйретілген жануары ұстап өлтірсе, олан желінбейді. Өз жануары өлтіруі керек.

6) Үйретілген ит аулаған аңының етін жесе, ол анды жеу жайз болмайды. Бірақ, сұңқар сияқты құстың аулаған аңының етін жейтін болса ештеңе етпейді. Шақырылған кезде келетін аңшы құстың аулаған аңы желінеді. Ит

балықтар желінеді.

10) Бисмилләһсыз ұсталған немесе кәпірлердің ұстаған балығын жеу халал болып табылады. Бірақ, олардың аулаған басқа аңдарын жеу харам болады. Ханафи мазхабында шошқадан басқа барлық жануардың өлгеннен кейін жүні, сүйегі, тісі таза болып саналады. Өлімсенің терісі нәжіс болмаған нәрсемен иленгеннен кейін таза болады. Нәжіс нәрсемен иленсе, үш рет жуып сыққаннан кейін таза болады. Шошқа мен жыланның терісі ешқашан таза болмайды. Бұлармен жасалған әмиян, белдік, сөмке және киіммен намаз оқымау керек. Шошқа мен жыланнан басқа еті желінбейтін жануар дінге сай сойылса немесе ауланса, тек терісі ғана таза болады. Бұлай өлтірілген аңның терісін төсеп үстінде намаз оқу жайз болады. Еті желінетін немесе

ақыларын аяққа таптамау керек. Хадис шәрифте: «Мейрімділік көрсет, сонда мейрімділік көресің» делінген.

Зиянды жануарларды өлтіру жайз болғанындай сусар, борсық, сияқты аңдарды терісін алу үшін, киік сияқты аңдарды етін алу үшін өлтіру жайз болады. Шошқадан басқа еті желінбейтін аңдарды мұсылман еместерге сату да жайз.

Зияны жоқ аңдарды өлтіру жайз емес. Зияндыларын қорламай, жәбірлемей өлтіру жайз.

Анды мысалы, қоянды ұйықтап жатқанда емес, оятып, қашып бара жатқанында ату керек делінеді. Ұйықтап жатқанда ату жайз ба?

Иә, жайз.

Кармакқа күрт (шылаушын) тағу жайз ба? Иә, жайз.

Неге намазды қыздар мен ұлдар әртүрлі оқиды? Пайғамбарымыз солай әртүрлі оқу керек деген хадис бар ма? Мен өзім Ханафи мазхабын ұстанамын, бірақ кейбір сұрақтар мені мазалайды. Осыны толық жазып берсеніздер. Тағы бір сұрақ: неге білекті жерге тигізеді, басқа мазхабтарда олай істеуге болмайтыны жайлы хадис бар.

(диплом, рұқсат) алған болу керек. Хадис шәрифтердің де сахих немесе сахих емес екенін білмей тұрып, сахих болған хадис шәрифтің өзін айту да күнә болады. Мұндай адамның хадис шәриф оқуы жайз болмайды. Хадис шәрифте “Білмеген сөзін хадис ретінде айтқан адам, тозақта азап көреді,” делінген. Сондықтан ғалым болмаған адамның хадис шәриф оқып

Дүние жұмыстарының өзінде ол жұмыстың маманы болмаған адам іске кіріссе жетістікке жете алмайды. Мысалы “жүргізу куәлігі болмаған адам жүргізуші болсын” деп айту дұрыс па? “Барлық адам машина айдасын” деп айту дұрыс па? “Барлық адам көзге операция жасасын” деп айту не деген сандырақ. “Барлық адам хадис кітаптарын оқу керек, хадистен

істесе он сегіз мың әлемге маскара болады.

Күміспен алтыннан әртүрлі әшекей қолдану әйелдерге халал, ал еркекке күмістен тек жүзік, ал алтыннан ешбір нәрсе халал емес. Осыған ұқсап өмірде көптеген үкімдер әйелмен еркек үшін басқа-басқа білдірілген. Намаздағы өзгешеліктер де бұл екеуінің жыныстық

НЕГЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ НАМАЗЫ ӨЗГЕШЕ?

Дінімізде дәлел тек “хадис шәриф” емес. Дініміздің үкімдерін анықтайтын төрт дәлел бар. Құран кәрім, Хадис шәрифтер, Ижма-и уммәт және Қияси фукаха. Сонымен қатар бұл үкімдерді мүжтәһид ғұламалар анықтайды. Хадистерден біздің, сіздің немесе басқалардың не түсінгені маңызды емес. Ислам ғалымдарының не түсінгені маңызды. Құран кәрім және хадис шәрифтердегі мәселелерден үкім шығара алатын ғалымдар мүжтәһид деп аталады. Мүжтәһид емес адамдардың Құраннан және хадистерден үкім шығарулары, мағына берулері жайз емес. М. Хадими хазреттері былай деген: «Діндегі төрт дәлел мүжтәһидтер үшін. Біз үшін дәлел мазхабымыздың білдірген үкімдері. Өйткені біз аят және хадистерден үкім шығара алмаймыз. Мазхабтың бір үкімі аятқа немесе хадиске сай келмейтін болып көрінсе де кате емес, өйткені аят және хадис ижтиһад талап етеді, басқа аят немесе басқа хадиспен өзгертілген болуы мүмкін немесе біз білмейтін тәуилі болады.»

Хадис кітаптарынан хадис накл ету үшін хадис ғұламаларынан ижазат

түсінгенімен амал етуі жайз болмайды.

Қазіргі таңда мазхабсыз секталардың “Мазхабтың керегі жоқ, ғалымдардың керегі жоқ, әркім Құранмен хадиспен жүруі керек, әркім өзі ижтиһад етуі керек...” деген сияқты азғын пікірлері кеңінен тарап келеді. Бұлда ақыр заманның белгілерінен.

Осындай мазхабсыздардың арбауымен хадис оқып жүргендер бір-біріне қарама-қайшы секілді көрінетін хадис шәрифтерді немесе бір мазхабтың үкіміне қайшы секілді болып көрінген хадистерді оқып опық жеп келеді. Мысалы намазда имамның артында тұрған кезде Фатиха сүресін оқу керек деген де, оқымау керек деген де хадис бар. Ижазаты болмаған адам мұны оқып не Пайғамбарымызға суизан (Ол туралы жаман ойда болады) етеді немесе хадис ғалымдарына жала жабады. Ал мазхабсыздарға берсен екеуінен бірін мәуду, заиф немесе ойдан шығарылған деп таңба басудан тайынбайды. Соның салдарынан қазір бір намаздың өзінде қаншама өзгерістер, бидғаттар араласып кеткенін көріп жүрміз, әртүрлі намаз түрлері көрініс табуда. «Намазын еркектер сияқты оқып жүрген әйелдер, әйелдер сияқты оқып жүрген еркектер» бұл мәселенің әлі бергі жағы.

әркім өзі үкім шығаруы керек, Құраннан оқып әркім өзі үкім шығару керек” деп айту — бәрінен де қауіпті. Машина жүргізе алмайтын адам апатқа ұшырауы мүмкін және өлім құшуы мүмкін. Ал хадисті, Құранды түсінбейтін адам бұларды оқып амал етемін деп жүргенде діннен шығады.

Бұл жөнінде кеңірек мәліметті мына линктен көре аласыз: «Хадиспен жүргісі келетін мазхабсыздар»

Еркек пен әйел адами тұрғыдан бір болса да, жыныстық тұрғыдан екеуі екі бөлек жаратылыс. Сондықтан екеуін бір таразда тартуға болмайды. Әйелмен еркектің тек қана намазда емес, басқа көптеген тіршіліктерінде басқа-басқа жол ұстануы табиғи нәрсе. Кейде біреуі үшін әдет болған нәрсе екіншісі үшін харам да болып келеді.

Мысалға киіну. Кәпірлердің модасы болған әйелдердің шалбар киюлері сияқты ұсқынсыздықтарды есептемегенде мұсылман әйелмен еркектің киінуі мүлдем бір-біріне ұқсамайды. Күнделікті өмірдегі әрекеттерде еркекке тән болған біршама қимылдар әйел істеген кезде ерсі көрінеді. Сол сияқты әйелдің затына тән әрі беретін сондай әйел айтпаған тән әрі жарасымды қимылдар бар, оны еркек

ерекшеліктеріне барып сүйенеді. Мысалға еркек рукуде 90 градус иіледі. Әйелдің олай иілуі ешбір тұрғыдан әйелдігіне жараспайды. Әйелдердің намазын еркектен басқаша оқулары керектігі жайлы айтылған жүздеп үкімдер бар, бұл үкімдердің әрқайсысы пайғамбарымызды көрген сахабалар, сахабаларды көрген Табеиндер, Табеинді көрген табаи табеин заманының ғұламалары болған, пайғамбарымызды және пайғамбар заманының әйелдерін көрген олар қателескен болса, онда қияметке дейін оның дұрысын ешкім таппайды деген сөз.

Бүгін мазхабсыздар әйел намазының ерекшелігі жайлы хадис келмеген деп мұсылмандардың арасына іріткі салуда. Соның салдарынан қаншама қыз «мен де еркектер сияқты намаз оқимын» деп қырсығуда. Мысалға ер адам бір уақытта бірден артық әйелді некесінде ұстай алады. Бір әйел «еректен қаламын ба» деп бір уақытта екі еркектің некесінде болуға ұрынатын болса, ондай әйелді жұрттың не деп атайтыны белгілі.

(Басқа басылымнан)

ДАЛАНЫҢ ДАРА ДІЛМАРЛАРЫ

Асан қайғы

Қырда жүрген дуадақ,
Су қадірін не білсін?
Көшіп-қонып жүрмеген.
Жер қадірін не білсін?
Көшсе қона білмеген,
Қонса көше білмеген,
Ақылына көнбеген,
Жұрт қадірін не білсін?
«...Халқының болашағын ойлап қамығады. Оның ойынша жер үстінде адамзат тіршілігінде көруі мүмкін ұжмақ бар, оның аты-«Жерұйық». Бұл елді жау алмайтын, малға жұт келмейтін, шөбі шүйгін, суы мол қоныс. Онда жұрттың бәрі тең, бәрі де шат-шадыман тіршілік кешеді, ел аласы, ру таласы жоқ. Малға жай, елге ырыс осындай мекен барын ғайыптан болжап білген, Асанқайғы енді сол жерді іздеп табу үшін желмаязға мініп, төңіректің төрт бұрышын кезеді. Жолында кездескен тау, өзен, шұрайлы, жерлерге, халыққа пайдалы жағын есептеп, тиісті бағасын беріп отырады».

Ертісті көргенде: «Мына шіркіннің баласы тойдым деп қарап отырмас, қарным ашты деп жылап отырмас. Сырдың мүйізі, доңыздың құлағы шығып тұрған жер екен», -депті.

Түндікті өзенін көргенде: «Он екі қазылық Ой Түндік, манырап жатқан қой Түндік. Қойдың құлағы тұтам шығып тұрған жер екен», -деп тастап кетуге кимай, артына үш қараған екен. Сонан «Үш қара» атанған екен таудың аты. Қызылтауға келгенде:

«Тау-тасы кеш болғанда қой болып ыңыранып жатады екен. Тоқты қысыр қалмайтын жер екен», -депті.

Баянауыл тауын көргенде: «Ат ерін алмайтын жер екен. Бауырында тұзы бар, ол тұзы ауыр екен; бір түн түнеп кетемін деген адам, бір жұма тоқтап қалады екен. Тұзы жібермейді екен», -депті.

Сарысуды кешіп өтерде: «Мына шіркіннің екі жағы борбас екен. Баланың іші қуырылмайтын, пышағы қыннан суырылмайтын, еркегі ат болатын, ұрғашысы жат болатын жер екен», -депті.

Қаратауды көргенде: «Көкектен басқа құсы жоқ, көкпектен басқа шөбі жоқ, жер азғыны мұнда екен», -депті.

Шідерті өзенін көргенде: «Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай мініп арықтаған ат, бір айда майға бітетін жер екен. Жылқы шідерлеп қойғанда тоқтайтын, жылқының қонысы екен», -депті.

Өлеңті өзенін көргенде: «Тоқтап ешнәрсе айтпай, өлеңдете берген екен. Аз тұрып: «Өлеңтінің суы-май, Шідертінің шөбі-май», -деп жүре беріпті.

Сілектіден өтіп Жаланақтың тұсына барғанда: «Аттың төбеліндей Жаланаң, сені алдыма өңгерейін бе, артыма бөктерейін бе, қай жарама тартайын? Айналаң аз, онан басқа мінің жоқ, табылмайтын жер екенсің», -депті.

Өлеңті өзенін көргенде: «Сарыарқаның тұздығы екен», -депті.

Сулы Келес, Құрлы Келес өзендерін көргенде: «Мөңіреуін, сиырболып мөңіреуін қара! Сиыр тұқымы үзілмейтін жер екен».

Екі Келес, бір Талас, Бал татыған жерін-ай,

Ағайының аралас,
Тату екен елін-ай.
Желмаяға өңгертіп,
Алып кетер едім-ай,
Сыймаған соң алдыма,
Әттең, дүние, дедім-ай!-депті.

Асанқайғы Жиделібайсын жеріне қызығып: «Ай, Жиделібайсын, артыма бөктеріп кетер едім, әттең атым көтере алмайды-ау! Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын тып-тыныш мамыражай ел екенсін», -депті.

-Ерейментауына қарап тұрып: «Қыс болса жылқы тұрмас, жылқы тұрса ішінде құлын тұрмас...панасы жоқ сары дала сықылды тау екен» дейді.

-Қаракойын-Қашырлы деген жерге келгенде «Бауырында бір жұтқын айдаһар бар екен, әйтпесе жылқы үзілмейтін жер екен» деп ескертеді. Бұл жерде бір үлкен көл бар екен, көлге жазда ыстықтап, қыста ықтап келіп түскен жылқы батып кететін түбі батпақ-құян болса керек».

-Батыста Асанқайғы Маңғыстауға үш барып, үш қайтыпты. Екі баласы: «Маңғыстау малға жайлы қоныс бола алар ма?»-деп сұраған екен. Сонда Асан бабамыз: «Түбінде мал баққан шаруаға Маңғыстаудан жақсы жер болмас»-деген екен.

-Шыңғырлауды көргенде: «Ай Шыңғырлау жылқы өзі өскен жоқ Шыңғырлау сен өсірдің»-деп үш айналып, Шыңғырлаудың суына қолын малып отырып: «Шыңғырлау өкпелер, аттың ерін ал, қонайық, ат суарып, аунап қунап кетейік», -депті.

-Жуалының кара топырақты, қыртысы құнарлы жерін көргенде: «жерің семіз,

қарың мол, қадіріңді егін салған ел білер» дейді.

Шу өзенін көргенде: «Ей, Шу, атыңды теріс қойыпты... мынау ну қамысың еліңді жұтқа бермес» депті.

Сыр бойын көргенде: «Басы байтақ, аяғы тайпақ қоныс екен. Қаратауды жайласам, Сырдың бойын қыстасам, қоныс болуға сонда ғана дұрыс екен», -депті.

Ақмешіт тұсындағы (Қызылорда) жерді көргенде: «Ей, Ақмешіт, жерің шаң екен, суың жер екен. Елің жұтамас, малыңның көзіне сақ бол»-деп ескертіпті.

Осы күнгі Мерке жеріндегі Аспараны көргенде: «Ей Аспара көршіңмен тату бол, шөбіңе суың жетер» деп жүріп кетіпті.

Түркістанның қасында ескі қорған Сауранды көргенде: «Әттеген-ай, тақырдың бетіне, Шөлістанның өтіне салған екен. Сарқырап аққан суы жоқ, жайқалып тұрған нуы жоқ-түбі тұрақты қала бола қоймас»-деген екен.

Сайрам, Шымкент маңын аралағанда Асан әулие айтыпты:

-Екі бассаң-бір базар
Саудасы қызған жер екен.
Екі бассаң-бір мазар
Молдасы азған ел екен-депті.

Сөйтіп, Асан туралы аңыз «шұрайлы қоныс, нұрлы өлке-Жерұйықты таба алмапты» дейді. Ол туған жерін аттап кетпейді. Жиделібайсынды бөтен елден іздемейді, қазақ топырағынан іздейді.

(Соңы. Басы өткен санда)

ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН МЕН ҚАРАКӨЗ АЙЫМ

Әз Жәнібек жаяу мал қарап жүрген балаға кез болады. — Шырағым, елсіз жерде неғып жүрсің? — деп сұрайды. — Жалғыз түйемнен көз жазып қап, соны іздеп жүр едім,— деп жауап береді бала. — Түйенді тұсап қойсаң болмай ма? — Түйемнің тұсауы өліп қалып еді,— дейді бала. Ол әкем өліп қалып еді деген сөзі екен. — Балам, біз қай үйге қонамыз? — Бір қой жеймін десеңіздер, қай үй болса да қона бересіздер! Екі қой жеймін десеңіздер, біздің үйге қонасыздар,— дейді бала. Ханның қасындағылар: — Мынау бір мырза бала екен, осының үйіне қонайық,— дейді. Келген соң бала бір буаз саулықты жетектеп келіп «иллаһи амин!» дегенде: «Шырағым, бойдақ қой жоқ па? — деп ескертеді хан. — Мен бойдақ қойдың жоғын мана далада айтпап па едім? Екі қой жесеңіздер, біздің үйге қон дегенім осы емес пе еді? — дейді бала. Қонақтар жауабына қайран қалады. . . Бір күндері Әз Жәнібек хан қырық уәзірін жиып алып: «Маған өтірік пен шынның арасын немен айырылады, соны тауып беріп қалағандарыңды алындар. Таба алмасаңдар, бастарыңды аламын, ойлануға қырық күн мүмкіндік бердім»,— депті. Уәзірлері қырық күндей ойлап, таба алмапты, қыркыншы күн болғанда хан уәзірлеріне «Өтірік пен шынның арасын немен айыра алатынын таптыңдар ма?» — дейді. «Жоқ, тақсыр, таба алмадық»,— десіпті уәзірлері. Хан «бастарыңды алармын» деп қаһар қылғанда әңгіме естимін деп жай келіп отырған Жиренше шешен уәзірлерге: «Анау күні хан хандығымен бас-басына бір күннен қыркыңа қырық күн міллет берді ғой, енді өздерің тіленіп ер басына бір-бір күннен міллет алсаңдаршы! Соған шейін бірің болмаса, бірің табарсыңдар!» — депті. Хан «жарайды, бұл баланың сөзі дұрыс көрінеді. Менің мақсатым сендерді өлтіру емес, сынау. Ақылды болсаңдар әрқайсысыңнан бір-бір ақыл алғанымда менде қырық кісінің ақылы болар еді; сендерде ақылдан шайнам жоқ. Қырық кісіде жоқ ақыл бір кісіден қайдаң табыла қойсын! Ер басына қырық күннен міллет бердім»,— деп тағы да ойландырып жібереді. Ханның алдынан шыққан соң он екі жасар бала Жиренше «бұл сөзді біреу болмаса біреу білер, соны іздеп табамын» деп ел кезеді. Қорғаны бар шаһарға жетеді. Қақпаның аузында сүліктей кара көк ат мінген, үстіне сауыт киіп, садақ асынып, найзасын жарға шаншып біреу тұр екен. Оған сол қақпадан кірген-шыққан адамның бәрі де сәлем берісіп өтеді. Жиренше оған сәлем бермей, мойнын бұрмай, керек қылмай өте шығады. Сонда найзасын жерге тіреп, ат үстінде шіреніп тұрған әлгі жігіт: «Әй бала, сенен басқа

осы қақпадан кірген-шыққан жан сәлем бермей өтпеуші еді, сен неге мойныңды бұрмай барасың?» — дейді. «Біріміз атты, біріміз жаяу, сәлеміміз келісе ме?» — дейді бала. «Бұл шаһардың жөнін бұрын көріп пе едің? Көріп-білмеген жан сияқты екенсің! Кел, артыма мінгес те біздікіне қонақ бол!» — дейді жігіт. «Ер тоқымды аттың алдын бізге, артын сендерге бұрыннан бұйрық қылған және «Ат иесі алдына мінеді» деген сөз бар, жұртыңды жүр де көрсет, жаяу-ақ барайын»,— дейді бала. Ол атты, бұл жаяу, үйіне ертіп кеп мейманханасына кіргізеді. Асын жеп болған соң мырза келіп: «Ә, қонағым, әңгіме айт!» — дейді. Бала: «Біріміз жарты, біріміз бүтін, әңгімеміз келісе ме?» — дейді. Бұл сөзге шыдап отыра алмай үй иесі ұялып шығып кетеді. Сүйтсе әлгі жігіт дейді: «Еркек киімін киіп, дарбазаның алдында тұрып, келген-кеткенді сынауға, сынынан өткен жанға тиюге атасынан рұқсат алыпты. Олай өткен, былай өткен жолаушының бәрі де мұның әйел екенін білмей, сәлем берумен болыпты. Тек Жиренше көрген жерден атқа отырысынан әйел екенін біле қойып «біріміз атты, біріміз жаяу» дегені «біріміз еркек, біріміз әйел, қалай сәлем берісеміз» дегені екен. Өзінің әйел екенін әбден танығанын біліп «біріміз бүтін, біріміз жарты» деген сөзді естігенде қыздың ұялып тұра жөнелгені сол екен. «Өзімнен білімі асқан бір адам кез келді, мені осыған берсін» деп қыз әкесіне сөз салдырады. Оны атасы қош көріп, қабыл алады. Жорға бие сойып жоғарғы елді шақырып, төбел бие сойып төменгі елді шақырып, үлкен тамаша қылып, қызын Жиреншеге қосады. Екеуі қосылғанын Жиренше шешен «мен қайтамын» дейді. Қалыңдығы: «Сіз қайда қайтасыз, әкемнің менен басқа ұлы да жоқ, қызы да жоқ. Әкем өлгеннен кейін осы дәулет кімдікі болады? Есіктен табылса, төрге озба деген бар емес пе?» — дейді. Оған Жиренше былай дейді: «Әз Жәнібек деген ханымыз қырық уәзіріне: «Өтірік пен шынның арасын айырындар»,— деп қысым қылып еді. Соны таба алмай уақытша міллет алып еді. Мен соны білушілер болар ма деп іздеп шыққан едім,— дейді. «Өтірік пен шынның арасы бір-ақ тұтам жер. Оның мәнісі: көзбен көрген шын, құлақпен естіген өтірік. Құлақ пен көздің арасы бір-ақ тұтам ғой. Көзбен көрген анық, құлақпен естіген танық емес пе?» — дейді қыз. Жиренше: — «Бәрекелді, іздегенім табылды; енді мұны мен барып, Әз Жәнібек ханға естірмесем, қырық уәзірін жоқ жерде өлтіріп, қырып тастар»,— деп жүруге ыңғайланады. Оны білген соң қыз атасына кісі салдырып: «Жат жұртқа жаралған мен әйел, мына күйеу ер, ел жұртына қайтамын деп жатыр. Бізді ұзатсын!» — депті. Атасы қызының айтқанын қабыл көреді ұзатады. Сөйтіп екі кісі паналарлық үйі жоқ Жиренше бір ауыз сөздің түп-төркінін білемін деп ізденіп жүріп, қалыңсыз ханның қызын алады. Хан қызының ақылымен, әз Жәнібек ханның бас уәзірі болды

дейді. Әз Жәнібектің қырық уәзірі ханға: «Жиреншенің қатыны сізге лайық кісі екен, әйелдің сұлуы екен»,— деп мақтап, өсіріп сөйлеп келеді. Сонымен бір күні аңға шыққанда ханның лашын құсы қашып кетіп, Жиреншенің үйінің төбесіне келіп қонады. Жиреншенің әйелі ұстап алып түлетіп-желпілтіп қояды. Оны есітіп, құсын алуға ханның өзі барады. Жиренше үйде жоқ екен, қатыны бүркеніп шығып, ханға құсты алып береді. Хан қараса, құсқа томаға тігіп кигізіп, қолғап тігіп құлпыртып, балақ бау есіп жарастырып қойған екен. Бұрын томағаны, қолғапты бұл жұртта көрген-білген жан жоқ екен, жеңдерімен ұстап, «жұмсақ жүн» деп құстың аяғына уықтың бауын тағады екен. Ұшқанда онысы бір құлаш болып шұбалып аяғына оралып жүреді екен. Сондықтан хан не құсына қарарын да білмей, не қатынға қарарын білмей, атынан ауып түсіп қала жаздайды. — Біз бүгін осында қонамыз,— дейді хан. — Үйде еркек жоғын көріп тұрсыз. Алда-жалда еркек жоқта қонақ боламын десеңіз, біраз құн араға салып, бір айналып келіңіз. Кіріміз болса жуынып, қонақ жабдығын хал келгенінше даярлап тұрайық. Және жігіт-желеңмен келмеңіз; көп қонақты күтуге шамамыз келмейді, өзбасыңыз ғана болсын! — дейді Жиреншенің жұбайы. Хан «жарайды» деп, «онаша келіңіз» дегеніне дәмелі болып, көңілі өсіп қайта береді. Сонымен бірнеше күн өткен соң хан жалғыз өзі келеді. Хан келген соң әйел алдынан шығып, қолтығынан сүйеп түсіріп, қолынан ұстап үйге кіргізеді. Бар дүниелігін жайнатып, ханның зығырын қайнатып қойған екен. Көрпе жаюлы, төсек салулы, шымылдық құрулы тұр. Ханды отырғызып қойып, әйел тамақ жабдығымен айналысады. Хан жалғыз өзі отырып оған-бұған көз салса, қатынның нәрсесінің бәрі кестелі екен. Жастықта да, көрпеді де, шымылдықта да, орамал, дастарқанда да бөріңде де кестемен тіккен бір жазу бар. Ол «біреудің есігін қолыңмен қақсаң, өз есігінді біреу аяғымен тебер» деген сөз еді. Хан бұл сөзге түсінген жоқ, есі-дерті әйелдің етегінде, нәпсінің жетегінде болып отыра береді. Уәзірдің әйелі бір уақытта палау басып, әртүрлі ыдысқа салып әкеліп, ханның алдына қойыпты. Хан бұрын палау жеп көрмеген болса керек, әр түсті ыдыста болған соң басқа-басқа ғой деп әр қайсысынан бір-бір алып татады. Бәрінің де дәмі бірдей болған соң, «бұл қалай» деп қайран қалады. «Тақсыр-ау, ыдысының басқалығы болмаса, бәрі бір тамақ»,— дейді әйел. Ханмен біраз бірге отырып әзілі жарасқан соң: «Тақсыр, ас айныса, не түзейді?» — дейді. Хан: «Май түзейді»,— дейді. Қатын: «Май айныса, не түзейді?» — дейді.

(Жалғасы бар)

**ДҮЙСЕНБІ
22 ақпан
ҚАЗАҚСТАН**

7.00. «Таңшолпан» 10.00 «Апта.kz» 11.05 «Дара жол» 12.30 «Ақсауыт» 13.00 «Бірге тандаймыз!» 14.10 «Келін» 15.00 «Әйел бақыты» 16.05 «Жүрегім сізге аманат» 17.00 «Менің Қазақстаным!» 17.30 Kaznews 17.50 «Бүгінгі күннің батырлары» 18.00 «Өзгерген өңір» 18.20 «Аюлар» М.ф. 18.35 «Жүрегім сізге аманат» 19.30 Kaznews 20.20 «Серпіліс» 21.05 «Шырғалаң» телехикаясы 22.00 «Келін» 22.55 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 23.30 «... Үй болу қиын» 00.00 Kaznews 00.45 «Спорт» 1.05 «Әйел бақыты» 2.00 «Ақсауыт» 2.30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3.00 Kaznews

ХАБАР

07.02 «Білгенге маржан» 8.00 «Жана күн» 10.00 «Жеті күн» 11.00 «Экономкласс» 11.10 «Магия кухни» 11.40 М.ф. 12.00 М.с. 12.25 «Сотка жеткізбей» деректі драмасы 13.00 Түскі жаңалықтар 13.15 «Семейные мелодрамы» 14.05 «Гречанка» 15.00 Новости 15.15 «Бармысың, бауырым?» 16.00 Кешкі жаңалықтар 16.15 «Өмір сабақтары» 17.00 Новости 17.15 «След» 17.55 «Орталық Хабар» 19.00 «ТВ Бинго» 19.55, 23.45 «Негізінде...» 20.00 Қорытынды жаңалықтар 20.30 Арнайы хабар 20.55, 00.20 «По сути» 21.00 Новости 21.30 «Осколки» Т.с. 22.30 «Жекпе-жек» 23.15 «Бетпе-бет» 23.50 Жаңалықтар 00.25 Новости 00.55 «Сотка жеткізбей» деректі драмасы 1.25 Жаңалықтар

КТК

6.05 М.ф. 6.20 «День Победы» Х.ф. 7.40 «Мәссаған кз» 9.00 «Махаббат пен өшпенділік» 10.00 «Сверхъестественные» 11.00 «Портрет недели» 12.10 «Граф Монте-Негро» комедия 14.20 «Другая правда» 15.20 «След на воде» мелодрама 17.00 «Тағдырмен тартыс» 18.00 «Махаббат мұны» 19.00 «Махаббатта шек бар ма?» /кайтау/ 19.30 «Махаббатта шек бар ма?» 20.30 Жаңалықтар 21.00 Новости 21.40 «Главная редакция» 22.25 «Сильнее судьбы» мелодрама 00.10 «Хмуров» 1.50 «Махаббат пен өшпенділік» 2.35 Жаңалықтар

Еуразия бірінші арнасы

6.00 Жаңалықтар 6.05 «Модный приговор» 7.00 «Жить здорово» 8.00 Жаңалықтар 8.15 «Сапа бақылауда» 8.55 Жаңалықтар 9.00 «Поле чудес» 10.00 «Доброе утро, Казахстан!» 11.00 «Жди меня» 11.55 «Басты патруль» 12.05 «Сүйген жар» 12.30 «Ғажайып жан» 13.00 «Әйел сыры...» бағдарламасы 13.55 «Паутина» 14.20 «Станица» 15.15 «Первые новости» 15.40 «Судебные истории» 16.45 «Битва за Севастополь» 18.55 «Ключи от прошлого» мелодрама 20.00 Главные новости 21.00 Тусуакесер! «Ғажайып жан». Үнді телехикаясы 22.00 Басты жаңалықтар 22.45 «Джодха және Акбар» 23.35 «Паутина» 00.00 «Время» 00.25 «Мажор» 01.50 «Паутина» 2.40 «Басты жаңалықтар» 3.20 «Сапа бақылауда» 3.45 «Контрольная закупка»

АСТАНА

7.00 «Казнет» 7.30 «Тамаша» 8.10 «Біздің уақыт» 9.00 «Хорошие руки» 10.00 «Украденная жизнь» 11.10 «Жетім жүрек» 13.10 «Әлия» 14.00 «Избранное за неделю» 14.40 «Такси» 15.10 «Казнет» 15.40 «Ханшайым» 17.00 «Ұрланған тағдыр» 18.00 «Жетім жүрек» 20.00 Жаңалықтар 20.30 Новости 21.00 «Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы 22.00 «Әлия» үнді телехикаясы 22.50 «Хорошие руки» 23.40 Новости 00.10 Жаңалықтар 00.40 «Махаббат құпиясы» түрік телехикаясы

**СЕЙСЕНБІ
23 АҚПАН
ҚАЗАҚСТАН**

7.00. «Таңшолпан» 10.00. «Шырғалаң» 10.50 «Әпке». Телехикая 11.45 «Айтуға оңай...» 12.30 «... Үй болу қиын» 13.00 «Бірге тандаймыз» 14.10 «Келін» 15.00 «Әйел бақыты» 16.05 «Жүрегім сізге аманат» 17.05 «Спорт» 17.30 Kaznews 17.55 «Қымыс пен жаз» 18.15 М.ф. 18.35 «Жүрегім сізге аманат» 19.30, 00.00 Kaznews 20.20 «Айтуға оңай...» 21.05 «Шырғалаң» 22.00 «Келін» 22.55 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 23.30 «... Үй болу қиын» 00.50 «Әпке» 1.35 «Әйел бақыты» 2.30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3.00 Kaznews

ХАБАР

07.02 «Білгенге маржан» 8.00 «Жана күн» 10.00 Жаңалықтар 10.10 «Осколки» 11.00 Новости 11.10 «Магия кухни» 11.45 М.ф. 11.55 «Сотка жеткізбей» 12.25 «Сүрбойдак»

13.15 «Семейные мелодрамы» 14.10 «Гречанка» 15.00 Новости 15.10 «Сүйген жарым» 16.00 Жаңалықтар 16.15 «Біздің үй» 17.00 Новости 17.15 «След» 17.55 «Линия судьбы» 18.30 Телехикая. «Алдар көсе» 19.15 «Пәленшеевтер» 19.55, 00.15 «Негізінде...» 20.00 Қорытынды жаңалықтар 20.30 «Бюро расследований» 20.55, 00.50 «По сути» 21.00 Новости 21.30 «Осколки» 22.30 «След» 23.15 «Бетпе-бет» 23.45 «Арнайы хабар» 00.20 Жаңалықтар 00.55 Новости 1.25 «Сотка жеткізбей» деректі драмасы 01.55 Жаңалықтар

КТК

06.05 М.ф. 6.30 «Вау» 7.40 «Карадайы» 8.40 Жаңалықтар 9.10 «Махаббат пен өшпенділік» 10.10 «Сильнее судьбы» 12.00 Новости 12.40 «Главная редакция» 13.25 «Практика» 15.10 «Барышня-крестьянка» 16.10 «След на воде» 17.00 «Тағдырмен тартыс» 18.00 «Махаббат мұны» 19.00 «Махаббатта шек бар ма?» 19.30 «Махаббатта шек бар ма?» 20.30 Жаңалықтар 21.00 Вечерние новости 21.40 «Диагноз» 22.10 «Сильнее судьбы» 00.00 «Хмуров» Т.с. 01.40 «Махаббат пен өшпенділік» 02.35 Жаңалықтар

Еуразия бірінші арнасы

6.00 Жаңалықтар 6.05 «Модный приговор» 7.00 «Жить здорово» 8.00 Жаңалықтар 8.15 «Сапа бақылауда» 8.55 Жаңалықтар 9.00 «Я без тебя пропаду» 10.00 «Доброе утро, Казахстан!» 11.00 «Белые волки» 11.55 «Басты патруль» 12.05 «Ғажайып жан». Үнді телехикаясы 13.00 «Ашығын айтканда» 13.55 «Паутина» 14.20 «Станица» 15.15 «Первые новости» 15.40 «Судебные истории» 16.45 «Битва за Севастополь» 18.55 «Ключи от прошлого» мелодрама 20.00 Главные новости 21.00 «Ғажайып жан» 22.00 Басты жаңалықтар 22.45 «Джодха және Акбар» 23.35 «Паутина» 00.00 «Время» 00.25 «Мажор» 01.50 «Паутина» 2.40 «Басты жаңалықтар» 3.20 «Ашығын айтканда»

АСТАНА

7.00 «Казнет» 7.30 «Теріскақпай» 8.00 Жаңалықтар 8.30 «20:30» 9.00 «Хорошие руки» 10.20 «Украденная жизнь» 11.10 «Жетім жүрек» 13.10 «Әлия» 14.10 «Такси» 14.40 «Казнет» 15.10 «Елаузында» 15.40 «Ханшайым» 17.00 «Ұрланған тағдыр» 18.00 «Жетім жүрек» 20.00 Жаңалықтар 20.30 Новости 21.00 «Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы 22.00 «Әлия» үнді телехикаясы 22.50 «Хорошие руки» 23.40 Новости 00.10 Жаңалықтар 00.40 «Махаббат хикаясы»

**СҰРБЫ
24 ақпан
ҚАЗАҚСТАН**

7.00. «Таңшолпан» 10.00. «Шырғалаң» 10.50 «Әпке». Телехикая 11.45 «Айтуға оңай...» 12.30 «... Үй болу қиын» 13.00 «Бірге тандаймыз» 14.10 «Келін» 15.00 «Әйел бақыты» 16.05 «Жүрегім сізге аманат» 17.00 «Жарқын бейне» 17.30 Kaznews 17.55 «Табыс сыры» 18.15 М.ф. 18.35 «Жүрегім сізге аманат» 19.30 Kaznews 20.20 «Айтуға оңай...» 21.05 «Шырғалаң» 22.00 «Келін» 22.55 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 23.30 «... Үй болу қиын» 00.00 Kaznews 00.50 «Әпке» 1.35 «Әйел бақыты» 2.30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3.00 Kaznews

ХАБАР

07.02 «Білгенге маржан» 8.00 «Жана күн» 10.00 Жаңалықтар 10.10 «Осколки» 11.00 Новости 11.10 «Магия кухни» 11.45 М.ф. 11.55 «Сотка жеткізбей» 12.15 «Сүрбойдак» Т.с 13.00 Түскі жаңалықтар 13.15 «Семейные мелодрамы» 14.05 «Гречанка» 15.00 Новости 15.10 «Сүйген жарым» 16.00 Жаңалықтар 16.15 «Біздің үй» 17.00 Новости 17.15 «След» 18.00 «Қайсар жандар» 18.30 «Алдар көсе» 19.25 Телехикая. «Пәленшеевтер» 19.55, 00.00 «Негізінде...» 20.00 Қорытынды жаңалықтар 20.30 «Бетпе-бет» 20.55, 00.35 «По сути» 21.00 Новости 21.30 «Осколки» 22.30 «След» 23.30 «Бетпе-бет» 00.05 Жаңалықтар 00.40 Новости 01.10 «Арман қанатында» 1.40 «Сотка жеткізбей» деректі драмасы 3.00 Жаңалықтар

КТК

06.05 М.ф. 6.30 «Вау» 7.40 «Карадайы» 8.40 Жаңалықтар 9.10 «Махаббат пен өшпенділік» 10.10 «Сильнее судьбы» 12.00 Новости 12.40 «Диагноз» 13.20 «Практика» 15.10 «Барышня-крестьянка» 16.10 «След на воде» 17.00 «Тағдырмен тартыс» 18.00 «Махаббат мұны» 19.00 «Махаббатта шек бар ма?» 19.30 «Махаббатта шек бар ма?» 20.30 Жаңалықтар 21.00 Вечерние новости

21.40 «Черный квадрат» 22.10 «Сильнее судьбы» мелодрама 00.00 «Хмуров» 01.40 «Махаббат пен өшпенділік» 02.35 Жаңалықтар

Еуразия бірінші арнасы

6.00 Жаңалықтар 6.05 «Модный приговор» 7.00 «Жить здорово» 8.00 Жаңалықтар 8.15 «Сапа бақылауда» 8.55 Жаңалықтар 9.00 «Доброе утро» 11.00 «Белые волки» 11.55 «Басты патруль» 12.05 «Ғажайып жан». Үнді телехикаясы 13.00 «Ашығын айтканда» 13.55 «Паутина» 14.20 «Станица» 15.15 «Первые новости» 15.40 «Судебные истории» 16.40 «Давай поженимся» 17.50 «Пусть говорят» 18.55 «Ключи от прошлого» мелодрама 20.00 Главные новости 21.00 «Ғажайып жан» 22.00 Басты жаңалықтар 22.45 «Джодха және Акбар» 23.35 «Паутина» 00.00 «Время» 00.30 «Мажор» 01.55 «Паутина» 2.40 «Басты жаңалықтар» 3.20 «Ашығын айтканда»

АСТАНА

7.00 «Казнет» 7.30 «Тамаша» 8.00 Жаңалықтар 8.30 «20:30» 9.00 «Хорошие руки» 10.20 «Украденная жизнь» 11.10 «Жетім жүрек» 13.10 «Әлия» 14.10 «Такси» 14.40 «Казнет» 15.10 «Ел аузында» 15.40 «Ханшайым» 17.00 «Ұрланған тағдыр» 18.00 «Жетім жүрек» 20.00 Жаңалықтар 20.30 Новости 21.00 «Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы 22.00 «Әлия» үнді телехикаясы 22.50 «Хорошие руки» 23.40 Новости 00.10 Жаңалықтар 00.40 «Махаббат хикаясы»

**БЕЙСЕНБІ
25 ақпан
ҚАЗАҚСТАН**

7.00 «Таңшолпан» 10.00. «Шырғалаң» 10.50 «Әпке» 11.45 «Айтуға оңай...» 12.30 «... Үй болу қиын» 13.00 «Бірге тандаймыз» 14.10 «Келін» 15.00 «Әйел бақыты» 16.05 «Жүрегім сізге аманат» 17.00 «Біртектілік және бірлік» 17.30 Kaznews 17.55 «100 кадам және құқықтық саясат» 18.15 «Аюлар» 18.35 «Жүрегім сізге аманат» 19.30, 00.05 Kaznews 20.20 «Айтуға оңай...» 21.05 «Алтын уя». Телехикая 22.00 «Келін» 22.55 «Көктем шақырады». Күнделік 23.00 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 23.35 «... Үй болу қиын» 00.55 «Әпке» 1.40 «Әйел бақыты» 2.35 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3.05 Kaznews

ХАБАР

07.02 «Бұйымтай» 8.00 «Жана күн» 10.00 Жаңалықтар 10.10 «Осколки» 11.00 Новости 11.10 «Магия кухни» 11.45 М.ф. 11.55 «Сотка жеткізбей» 12.15 «Сүрбойдак» Т.с 13.00 Түскі жаңалықтар 13.15 «Семейные мелодрамы» 14.10 «Гречанка» 15.00 Новости 15.10 «Сүйген жарым» 16.00 Жаңалықтар 16.15 «Біздің үй» 17.00 Новости 17.15 «След» 18.00 «Тағдыр жолы» 18.30 Телехикая. «Зәуре» 19.20 Телехикая «Сүрбойдак» 19.55, 23.50 «Негізінде...» 20.00 Қорытынды жаңалықтар 20.30 «Бетпе-бет» 20.55, 00.25 «По сути» 21.00 Новости 21.30 «Осколки» 22.30 «След» 23.20 «Бетпе-бет» 23.55 Жаңалықтар 00.30 Новости 01.00 «100 бизнес-тарихы» 1.30 «Сотка жеткізбей» деректі драмасы 02.00 Жаңалықтар

КТК

06.05 М.ф. 6.30 «Вау» 7.40 «Карадайы» 8.40 Жаңалықтар 9.10 «Махаббат пен өшпенділік» 10.10 «Сильнее судьбы» 12.00 Новости 12.40 «Черный квадрат» 13.10 «Практика» 15.10 «Барышня-крестьянка» 16.10 «След на воде» 17.00 «Тағдырмен тартыс» 18.00 «Махаббат мұны» 18.30 «Әйел қырық шырақты» /кайтау/ 19.30 «Әйел қырық шырақты» 20.30 Жаңалықтар 21.00 Вечерние новости 21.40 «Наша правда» 22.40 «Сильнее судьбы» 00.20 «Хмуров» 02.20 «Махаббат пен өшпенділік»

Еуразия бірінші арнасы

6.00 Жаңалықтар 6.05 «Модный приговор» 7.00 «Жить здорово» 8.00 Жаңалықтар 8.15 «Сапа бақылауда» 8.55 Жаңалықтар 9.00 «Доброе утро» 11.00 «Белые волки» 11.55 «Басты патруль» 12.05 «Ғажайып жан». Үнді телехикаясы 13.00 «Ашығын айтканда» 13.55 «Паутина» 14.20 «Станица» 15.15 «Первые новости» 15.40 «Судебные истории» 16.40 «Давай поженимся» 17.50 «Пусть говорят» 18.55 «Ключи от прошлого» мелодрама 20.00 Главные новости 21.00 «Ғажайып жан» 22.00 Басты жаңалықтар 22.45 «Джодха және Акбар» 23.35 «Паутина» 00.00 «Время» 00.30 «Мажор» 01.55 «Паутина» 2.40 «Басты жаңалықтар» 3.20 «Ашығын айтканда»

АСТАНА

7.00 «Казнет» 7.30 «Теріскақпай» 8.00 Жаңалықтар 8.30 «20:30» 9.00 «Хорошие руки» 10.20 «Украденная жизнь» 11.10 «Жетім жүрек» 13.10

«Әлия» 14.10 «Такси» 14.40 «Казнет» 15.10 «Отбасы» 15.40 «Ханшайым» 17.00 «Ұрланған тағдыр» 18.00 «Жетім жүрек» 20.00 Жаңалықтар 20.30 Новости 21.00 «Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы 22.00 «Әлия» үнді телехикаясы 22.50 «Хорошие руки» 23.40 Новости 00.10 Жаңалықтар 00.40 «Махаббат хикаясы»

**ЖҰМА
26 ақпан
ҚАЗАҚСТАН**

7.00. «Таңшолпан» 10.00 «Алтын уя» 10.50 «Әпке» 11.45 «Айтуға оңай...» 12.30 «... Үй болу қиын» 13.00 «Бірге тандаймыз» 14.10 «Келін» 15.00 «Әйел бақыты» 16.05 «Жүрегім сізге аманат» 17.05 «Жан жылуы» 17.30 Kaznews 17.55 «Иман айнасы» 18.15 «Баламен бетпе-бет» 18.35 «Жүрегім сізге аманат» 19.30, 00.00 Kaznews 20.15 «Айтуға оңай...» 21.00 «Ұлттық шоу: Роза шақырады» 22.10 «Келін» 23.10 «Біртектілік және бірлік» 23.30 Сіз не дейсіз? 00.45 «Әпке» 1.25 «Әйел бақыты» 2.15 «Серпіліс» 3.00 Kaznews

ХАБАР

07.02 «Бұйымтай» 8.00 «Жана күн» 10.00 Жаңалықтар 10.10 «Осколки» 11.00 Новости 11.10 «Магия кухни» 11.45 М.ф. 11.55 «Сотка жеткізбей» 12.25 «Сүрбойдак» Т.с 13.00 Түскі жаңалықтар 13.15 «Семейные мелодрамы» 14.05 «Гречанка» 15.00 Новости 15.10 «Сүйген жарым» 16.00 Жаңалықтар 16.15 «Өмір сабақтары» 16.50 «Экономкласс» 17.00 Новости 17.15 «След» 18.00 «Арман қанатында» 18.35 «Зәуре» 19.25 Телехикая «Сүрбойдак» 20.00 Қорытынды жаңалықтар 20.30 «Бетпе-бет» 21.00 Новости 21.30 «Донни Браско». Кино 23.40 «Перекресток в Астане» Т.с. 01.10 «Сотка жеткізбей» деректі драмасы 1.40 Жаңалықтар

КТК

06.05 М.ф. 6.30 «Вау» 7.40 «Карадайы» 8.40 Жаңалықтар 9.10 «Махаббат пен өшпенділік» 10.10 «Сильнее судьбы» 12.00 Новости 12.40 «Наша правда» 13.35 «Практика» 15.30 «Барышня-крестьянка» 16.10 «След на воде» 17.00 «Тағдырмен тартыс» 18.00 «Махаббат мұны» 18.30 «Әйел қырық шырақты» 19.30 «Әйел қырық шырақты» 20.30 Жаңалықтар 21.00 Вечерние новости 21.40 «Наша правда» 22.40 «Стрелок» (1-4 серии). Кино 02.00 «Махаббат пен өшпенділік» 02.45 Жаңалықтар

Еуразия бірінші арнасы

6.00 Жаңалықтар 6.05 «Модный приговор» 7.00 «Жить здорово» 8.00 Жаңалықтар 8.15 «Сапа бақылауда» 8.55 Жаңалықтар 9.00 «Доброе утро» 11.00 «Белые волки» 11.55 «Басты патруль» 12.05 «Ғажайып жан». Үнді телехикаясы 13.00 «Ашығын айтканда» 13.55 «Жұма уағыз» 14.10 «Паутина» 14.35 «Первая помощь» 15.15 «Первые новости» 15.40 «Гастролер» мелодрама 17.35 «Жди меня». Казахстан 18.40 «Автокуш» 18.50 «Поле чудес» 20.00 Главные новости 21.00 «Ғажайып жан» 22.00 Басты жаңалықтар 22.45 «Джодха және Акбар» 23.35 КВН на Красной Поляне. 02.10 «Паутина» 2.30 «Басты жаңалықтар» 3.10 «Ашығын айтканда» 3.55 «Сапа бақылауда» 4.20 «Марьяна Роша»

АСТАНА

7.00 «Казнет» 7.30 «Тамаша» 8.00 Жаңалықтар 8.30 «20:30» 9.00 «Хорошие руки» 10.20 «Украденная жизнь» 11.10 «Жетім жүрек» 13.10 «Әлия» 14.10 «Такси» 14.40 «Казнет» 15.10 «Аналар» 15.40 «Ханшайым» 17.00 «Ұрланған тағдыр» 18.00 «Жетім жүрек» 20.00 Жаңалықтар 20.30 Новости 21.00 «Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы 22.00 «Әлия» үнді телехикаясы 22.50 «Хорошие руки» 23.40 Новости 00.10 Жаңалықтар 00.40 «Махаббат хикаясы»

**СЕНБІ
27 ақпан
ҚАЗАҚСТАН**

7.00 Концерт 8.00 «Айналайын» телехикаясы 8.35 «Агробизнес» 9.00 «Сенбілік тан» 10.05 «Дауа» 10.35 «Әзіл әлемі» 12.30 «Ас болсын!» 13.15 «Табыс сыры» 13.35 ҚР Халық әртісі К.Сұлтанбаевты еске алу кеші 15.00 «Елім-ай». Телехикая 18.40 «Өмірдің өзі новелла». Телехикая 19.30 Kaznews 20.05 «Үздік әндер» 21.00 «Дара жол» 22.35 «Жайдарман» Маусымашар-2016 00.10 Kaznews 00.45 «Тоскана». Кино 2.30 «Ас болсын!» 3.10 Kaznews

ХАБАР

07.02 «Тамаша» 8.15 «Әсем әуен» 8.30 «Бармысың, бауырым?» 9.20 «Продвопрос» 9.45 «Тур де Хабар» 10.10 М.ф. 11.45 М.с. 12.40 Сказки Братьев Гримм. «Звездные талеры» 13.45 «Орталық Хабар» 15.00 «Жеті

ән» 16.30 «Алдар көсе» 17.00 Телехикая. «Зәуре» 17.45 Тамара Асардың «Елімнің бір еркісі мен боламын» атты концерті 19.45 «Бенефис-шоу» 21.00 «Жеті күн» 22.00 Мегатит. «Впогоне за счастьем» 00.05 Всемирная серия бокса 02.35 «Перекресток в Астане» Т.с.

КТК

7.05 М.ф. 7.20 «Неисправимый лгун». Кино 8.40 «Мәссаған кз» 9.30 «Жүрекжарды» 10.10 «Кривое зеркало» 12.00 Новости 12.45 «Наша правда» 13.40 «Вечный зов». Кино 16.20 «Айша». Телехикая 19.00 «Көріпкел» 20.00 «Әйел қырық шырақты» 21.00 «Сверхъестественные» 22.00 «Другая правда» 23.00 «Я стесняюсь своего тела». Медицинский проект 00.30 «Дорогая, мы убиваем детей». Реалити-шоу 2.00 «Мәссаған кз»

Еуразия бірінші арнасы

06.00 Жаңалықтар 6.05 «Марьяна Рош» 8.00 «Таңғы пошта» 8.35 «Паутина» 9.00 «Смак» 9.40 «Я тебя никогда не забуду» 11.35 «Фабрика грез» 12.00 «Әйел сыры...» 13.00 «101 кеңес» 13.20 «Паутина» 14.15 КВН 17.10 «Тени прошлого» мелодрама 20.00 «Первая программа» 21.00 «Тени прошлого». Продолжение 22.00 «Кешкі кездесу» 23.10 Сенбілік жаңалықтар 23.50 Кино. «Короли улиц: Город моторов» 2.05 «Әйел сыры...» 2.50 «101 кеңес» 3.10 «Марьяна Рош» 4.40 «Паутина»

АСТАНА

8.00 Жаңалықтар 8.30 Новости 9.00 «Суперпапа» 9.40 М.ф. 10.00 «Украденная жизнь» 11.10 «Жетім жүрек» 13.10 «Лето волков» Х.ф. 16.40 «Той жыры» 17.00 «Ұрланған тағдыр» 18.00 «Жетім жүрек» 20.00 «Біздің уақыт» 20.50 «Өзекті» 21.00 «Ұрланған тағдыр» 22.00 «Ел аузында» 23.00 «Астана кеші көң

АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Төтенше жағдайлар департаменті Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы подполковник С. Ш. Молдақараев пен басқарма қызметкерлері «Елді мекендер мен аумақты Сырдария өзенінде сең жүру кезінде су алу қаупі туындаған немесе су алған кезінде басқару

тақырыбында командалық-штабтық оқу-жаттығу өткізді.

Оқу-жаттығудың мақсаты: қала, аудандардағы азаматтық қорғау қызметтері, эвакуациялық және төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссияларының құрамына әдістемелік көмектер

«Зілзала апаттары кезінде халықты көшіру шаралары», «Азаматтық қорғаныс штабының іс-әрекеті» тақырыбында сабақтар өткізілді.

Сонымен қатар су тасқыны болғанда тосқауыл болатын «Габиион» кондырғысын практикалық түрде көрсетіп, оның техникалық мінездемесімен таныстырды. Оқу-жаттығу кезінде штаб жұмысы ұйымдастырылып, аудандық қызметтермен өзара шұғыл ақпарат алмасу карточкасы мен кіріспе тапсырмалары бойынша жұмыстар атқарылды.

Сырдария өзені бойындағы қауіпті учаскелер араланып, елді мекендердің тұрғындарына Төтенше жағдайлар департаментінің қызметтік құлақтандыру автокөлігінің дауыс зорайтқыш аппаратурасы арқылы «Су тасқыны кезіндегі іс-әрекет» ережелерін жеткізу жұмыстары

жүргізілді.

Болуы мүмкін су тасқыны кезіндегі төтенше жағдайларды жоюға арналған авариялық-

жүйесінің жұмысын тұрақты ұстау мақсатында қала, аудан елді-мекендерінде құрылған электр дабылдарының жұмыс



органдарының, авариялық-құтқару қызметтерінің күштері мен құралдарының іс-қимылы»

көрсету болды. Сонымен бірге оқу-жаттығу барысында «Су тасқыны кезіндегі іс-әрекеттер»,



құтқару қызметтерінің күш-құралдарына саптық қарау өткізіліп, азаматтық қорғау қызметтерінің төтенше жағдайларға әзірленген инертті материалдарының қоры тексерілді. Төтенше жағдай кезінде халықты хабардар ету

қабілеті тексерілді.

Төтенше жағдай туындаған кездегі халықты көшіру бойынша эвакуациялық комиссияның жұмысы ұйымдастырылған.

Бейбіт СПАНОВ,
Азаматтық қорғаныс басқармасының офицері

Мемлекеттік қолдау аясында Қармакшы ауданының Ақай ауылында экструциялық тамақ өнімдерін шығаратын цех іске қосылмақшы.

«МеаПрим» ЖШС компаниясы Ақай ауылында бірегей бағыт - экструциялық тағам өнімдерін шығаратын цехты ашуды көздеп отыр. Старт-ап-жобаның жүзеге асуы үшін бастауыш кәсіпкер Виктор Павлов «Қазақстан Халық Банкі» АҚ несие рәсімдеуде. Мемлекет қолдауы аясында жұмыс жасауды жоспарлаған компанияға Даму Қоры тарапынан жоба құнының 85% тең сомада кепілдендіруі берілді. Несие қаражаты мини-цехқа қажетті құрал-жабдықтар сатып алуға жұмсалатын болады.

ТАҒАМ ӨНІМІН ӨНДІРЕТІН ЦЕХ АШЫЛМАҚ

Бизнесменнің сөзінше, экструциялық тамақ өндірісінің дамуы мен оның сатылу нарығына жасалған талдау үрдісі көрсеткендей жыл өткен сайын аталған тамақ өнімдеріне халық тарапынан сұраныс артуда. Себебі өнім етті лайықты алмастырушы



ретінде пайдаланылады. Жобаның табысты жұмыс жасауы мақсатында бизнеске Мәскеуден арнайы инженер-технолог маманы тартылады. Бизнес-жоспар сәтті жүзеге асқан уақытта 5 жаңа жұмыс орны ашылмақ және жылына 55 тонна дайын өнім шығару қуаттылығы іске қосылады- деп күтілуде.

Сондай-ақ, аталған жоба инновациялық екендігін атап өткен дұрыс, яғни облыс аумағында бірегей кәсіпорын болып табылады және осыған дейін экструциялық тағам өнімдерін шығарумен айналысатын компаниялардың болмауы жергілікті жерде бәсекелестің жоқтығын білдіреді.

Даму Қоры «Студенттік жастардың кәсіпкерлік бастамасын қолдау» бағдарламасы аясында жаңадан кәсіп ашуды көздеген болашақ кәсіпкерлерге арнап табысты кәсіпкерменкездесу ұйымдастырылды.

ӨЗІНІҢ БИЗНЕСТЕГІ ТӘЖІРИБЕСІМЕН БӨЛІСТІ

Қызылордалық мүмкіндігі шектеулі табысты кәсіпкер Бақыт Жұмашев «Студенттік жастардың кәсіпкерлік бастамасын қолдау» жобасына қатысушылармен өзінің бизнестегі тәжірибесімен бөлісті. Өзінің шектеулі болған мүмкіндігіне қарамастан кәсіпті меңгеріп, бүгінде ондаған мүгедек азаматтарға тұрақты жұмыс беріп отыр. Бизнесмен болашақ кәсіпкерлерге шағын қаржымен бизнес бастауды және тәжірибенің аздығынан үлкен шығындарға ұшырамау жолдары жайлы баяндады. Бақыт Жұмашевтың сөзінше, ісінді бастап, бәсекеге лайықты бизнестің өркен жаюы үшін өзінің күшіне деген сенімділік пен ерік-жігер қажет және сол бастаған істі аяғына апарып, табысқа қол жеткізу жолында барлық кедергілер мен тосқауылдарға шыдайтын сабырлылық қажет екенін ескертті.

- Ең бастысы белінді бекем буынып, алғашқы уақытта түскен пайданы бизнесіңнің айналымына салып отыру қажет. Старт-апперлердің қателігі ретінде мен қаржылық сауаттылықтың болмауынан, бастапқы табысты бизнеске салмай, өздеріне қымбат көлік пен үйлер сатып алатынын басты қателік деп айтар едім,-дейді Бақыт Жұмашев.

Кездесу барысында кәсіпкер өз кеңестерін беріп қана қоймай, бизнесін бастау тарихымен бөлісті. Бизнеске тұрақты жұмысынан айрылған соң бет бұрған. — Ол кезде менің қалтамда бар

жоғы 18мың теңге ғана болды және сол ақша бизнесімнің бастапқы жарнасына айналды. Сондықтанда қазірде мен бизнес бастауға миллиондар қажет дейтін сөздерге таң қаламын. Мен жұмыстарым бірден алға басты демеймін. Өйткені әр

бағыттың өз тосқауылдары болатыны белгілі және менің бизнес-мансабымның болашағына деген сенімділік мен үмітім басты қаруым болды. Бүгінгі таңда компьютерлік сервистік орталық, жиһаз цехы мен полиграфический цехты ашып, жұмысты сәтті әрі тұрақты жүргізіп отырмын. Жақын арада тігін цехын іске қосуды жоспарлаудамын, соның ішінде барлық кәсібімнің ең ерекше тұсы қоластымдағы қызметкерлерімнің барлығы мүмкіндігі шектеулі жандар және менің орталығымда мүгедектер мен жағдайы төмен отбасыларға тегін қызмет көрсетіледі. Мұқтаж жандарға көмектесе отырып, мен моральдық тұрғыда қанағаттануды сезінемін, - деп өз ойымен бөлісті кәсіпкер Бақыт Жұмашев.

Еске сала кетсек, «Студенттік жастардың кәсіпкерлік бастамасын қолдау» бағдарламасы аясында Даму Қорымен кәсіпкерлік ниеттегі жастардың кәсіпкерлік әлеуетінің ашылуына жәрдемдесу және сол арқылы олардың болашақта табысты бизнеске айналатын Стартап жобаларын құруға, сондай-ақ бастауыш кәсіпкерлердің қаржыландыру көздеріне қол жеткізуін жеңілдетуге бағытталып жұмыс жасайтын тәлімгерлік жобаны да іске қосуды жоспарлауда. Өңірдің табысты кәсіпкерлері өз бизнесін бастаған жобаның қатысушыларына тәлімгер болып, өз тәжірибесімен бөлісетін болады.

А.ҚОЖАНИЯЗОВА

Меншік иесі АҚПАРАТ.KZ

Бас редакторы
Бибайша АЛПЫСБАЕВА

Жауапты хатшы
Думанай АБДУЛПАТТАЕВА

Автордың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды.
Газет «Ақпарат.kz» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы Ақмешіт мөлтек ауданы 11 үй, 35 пәтер, телефон: 22-28-71

Газеттің сапасына «PRINT» баспаханасы жауап береді.

Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй.
Тел: 27-61-62
Тапсырыс № Таралымы: 2977 дана

Газет Қазақстан Республикасы
Ақпарат министрлігінде
2006 жылдың
1 наурызында тіркеліп,
тіркеу туралы
№6963-Г куәлігі берілді

ТАРАЛУ АЙМАҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ